№01 (286).
14 қаңтар,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры, жазушы





КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА БОЙЫНША ТҮПКІЛІКТІ ШЕШІМДІ ЕЛ АЗАМАТТАРЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринмен және Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевпен Парламенттік реформа бойынша кезекті жұмыс кеңесін өткізді.

Ерлан Қарин Мемлекет басшысына Жұмыс тобының 9 қаңтарда өткен отырысында болашақ бір палаталы Парламенттің мәртебесін, өкілеттіктері мен функцияларын анықтауға, сондай-ақ биліктің басқа да тармақтарымен өзара іс-қимылына қатысты тәсілдер әзірленгенін айтты. 15 қаңтарға жоспарланған келесі отырыста жаңа Парламенттің басты мемлекеттік институттардың қызметін қамтамасыз ету өкілеттіктері талқыланады.

Ержан Жиенбаев Мемлекет басшысын конституциялық реформаға қатысты Жұмыс тобы мүшелері мен жұртшылықтан келіп түскен жаңа ұсыныстармен таныстырды.

Президент барлық пікір мен бастаманы ескеру қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ конституциялық реформа бойынша түпкілікті шешімді ел азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайтынын мәлімдеді.

Сонымен қатар кездесуде Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өтетін бесінші отырысына дайындық мәселесі қаралды. Мемлекет басшысы Құрылтай отырысын өткізуді осы жылдың 20 қаңтарына белгілеп, алдағы маңызды іс-шараны ұйымдастыру және оған тыңғылықты әзірлену жөнінде нақты тапсырма берді.

Akorda.kz

ОСПАН БАПЫШЕВ – КӨРЕГЕН РЕВОЛЮЦИОНЕР



Қазіргі уақыт адамзат санасының құбылуы мен қоғамдық түсініктердің түбегейлі өзгеру дәуіріне айналды. Бір ғасыр бұрынғы ақиқаттар бүгінгі өлшеммен қайта сараланып, өткеннің тұлғаларына жаңа көзқарас қалыптасып жатыр. Кешегі халықтың әл-ауқатын, жерінің бүтіндігін ойлаған байлар – «қамқор әулет иелері» ретінде қайта бағаланса, бір кезде әділет үшін атқа қонғандар – «қарақшы» аталып, ал кеңес дәуірін қалыптастырған коммунистер мен комиссарлар біреулер үшін – қанішер, енді біреулер үшін – елге адал қызмет еткен тұлға болып көрінеді. Шын мәнінде, әр дәуірдің өз өзегі, өз шындығы бар. Сол шындықтың ішінде өмір сүрген адамдардың таңдауы біз ойлағандай жеңіл болмаған. Олар келешек ұрпақ алдындағы парызын өтеймін деп сенді, Отанға қызмет етемін деп ұмтылды. Оларды бүгінгі өлшеммен ғана бағалап, кінә арту – тарихқа жасалған қиянат. Әрқайсысы өз дәуірінің заңдылығына, уақыттың сұранысына сай шешім қабылдады. Дұрыс болды ма, жоқ па – оның төрелігін тарих қана айтады. Ал біздің міндет – өткенге сын көзбен қарау арқылы оған әділ баға беру, бірақ ешкімнің тағдырына жеңіл үкім шығарып, тарихи жауапкершілікті бұрмалап жібермеу.

Бүгінгі әңгімеміздің басты кейіпкері болып отырған Оспан Бапышев ағамыз да өз дәуірінің адал перзенті, жері мен елін ерекше сүйе білген батыр тұлғалардың бірі болған. Кейіпкеріміз жайлы нақтырақ айтар болсақ, Оспан Бапышев 1881 жылы сол кездегі Сырдария облысының Ташкент уезіндегі Жаушықұм ауылында дүниеге келген *(қазіргі Түркістан облысы)* Оспан кедейліктің тауқыметін ерте татқан. Әкесі Бапыш – балуан тұлғалы, әділ мінезді адам болғанымен, тұрмыс қиындығы балаларының болашағына салмақ салды. Жасынан сергек, өжет, ел ішінде өлең шығарып, ән айтып танылған Оспан әке-шешеден ерте жетім қалып, ағасы Тоқсанбайдың қолында өседі. Бірақ ағасын жер аударып жібергеннен кейін жас жігіттің тағдыры тіпті қиындай түседі. Өмірдің ащысын ерте татқан Оспан 1898 жылы Ташкентке кетіп, сондағы Бабаев дейтін ірі саудагердің қолында жылына алты сомға жалшы болып жұмыс істейді. Сондағы жұмысы саудагердің жылқыларына қарап, жем-шөбін беру, астын тазалау сияқты қара жұмыс болатын.

Күндердің күнінде саудагер Бабаев, Оспанның зеректігі мен өткір қабілетін байқап оны астыртын түрде Бакуге жас революционерлер құрамына қосуға шешім қабылдайды. Себебі оның зеректігі, тіл білгіштігі, алғырлығы революциялық бағыттағы теміржол жұмысшыларының көзіне ерте түседі. Осылайша ол жасырын ұйым жұмысына қатысып, алғашқы саяси тәрбиесін ала бастайды. 1905 жылы оны ұйым Баку қаласына жібереді. Мұнда жергілікті революционерлермен танысып, саяси күрестің қақ ортасына түседі. Дәл осы жылдары Оспан өлеңді үгіт-насихат құралына айналдырып, кедейлерді оятатын, ескі әдеттің шіріген тұстарын әшкерелейтін өткір жырларын жазады.

6-бетте »

● КИНОРЕЖИССЕР АБДОЛЛА ҚАРСАҚБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

«Даладағы күзгін» КҮРДЕЛІ ДЕ КӨРКЕМ ТУЫНДЫ

«Мұрныңнан тесіп жетектегенмін», «сағат тоғыз жарым», «сағат сенікі, бесатар менікі» секілді сөздерді айта бастасаң, тәуелсіздікке дейін туған буын бірден «Бандыны қуған Хамит па?» деп есіне түсіре қояды. Бұл фильмнің халық арасындағы екінші аты осылай. Шамасы, орта мектептің әдебиет пәнінде С.Сейфуллиннің осы аттас туындысы болғандықтан шығар. Титрда көрсетілмесе де, киноның негізгі идеясы осы әңгімеден алынғаны жасырын емес. Фильмнің режиссері – Абдолла Қарсақбаев, музыкасын жазған – Нұрғиса Тілендиев. Актерлік құрам да кілең «сен тұр, мен атайын» дейтін Д.Жолжақсынов, Ә.Шоқыбаев, Б.Омаров, Г.Дусматова сынды таланттардан тұрады. Қай жерінен көрсең де, соңына дейін тапжылмай отырып тамашалайтын ғажап кино еді. Табиғаты тылсым Шарын шатқалы, атақты банды Құдіре, онымен атысып, алысып жүрген қызыл өкімет өкілі Хамит – осының бәрі, енді ойлап отырсам, қазақ киносының тұңғыш та соңғы вестерні екен ғой.



4-бетте »

МҰСТАФА ӨЗТҮРІКТІҢ ҚЫЗЫ НЕСЛИХАН ҚАЗАҚСТАНДА

Қазақтың біртуар азаматы, Таэквондо спортының негізін қалаушыларының бірі, атақты спорт шебері Мұстафа Өзтүрік ағамыз жүргенде 71 жасқа толар еді. Тағдырдың ісіне не шара? Алайда қазақтың атақты палуаны Мұстафаның есімі халқымыздың жүрегінде ұзақ уақыт сақталады. Өйткені оны жоқтайтын Қазақ елі, ардаған халқы, достары, әулеті бар.



Мұстафаның аталары – әкесі Кәбеңқажы Өзтүрік Алтай Баркөлде туып өсті. Спортшының өзі Түркияда дүниеге келді. Ыстанбұлда, Тайванда, Германияда білім алды. Әрі қарай атажұрт Қазақстанға алғашқы келген белгілі қазақтардың бірі еді. Еліміздің бірнеше қалаларында таэквондо күрес мектебін ашты.

Ал қызы Неслихан Мұстафақызы Германияда туып өсті. Сонда оқыды, білім алды, еңбегін жалғастыруда. Міне, өткен аптада Неслихан Берлиннен Ыстанбұл арқылы Қазақстанға келді. Оның жанында үлкен көшті бастаушылардың бірі Хусеин Тәйжінің немересі Омар Мансұрұлы Тәйжі (Хусеин Тәйжі мен Кәбеңқажы бірі атаның ұрпақтары, Омар Тәйжі қазақтың атақты боксшысы Қанат Исламның компаниясының Түркиядағы өкілі).

Алдымен бабаларының ата қонысы саналған Семей өңіріне ат басын бұрды. Абай облысының әкімі Берік Уәли арнайы қабылдады, үлкен құрмет көрсетті.

2-бетте »

АБАЙ АУДАРМАСЫНЫҢ ӘЛЕМІ: «АЛЫП АБАЙ» КІТАБЫ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТЫМЫЗҒА ҚОСЫЛҒАН АСЫЛ ҚАЗЫНА БОЛДЫ



6-бетте »



АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТІҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ НАРРАТИВІ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

(Ұлт руханиятының классигі)

5-бетте »

adilet-gazeti.kz

МҰСТАФА ӨЗТҮРІКТІҢ ҚЫЗЫ НЕСЛИХАН ҚАЗАҚСТАНДА

(Соңы. Басы 1-бетте).

2026 жылда облыс көлемінде бір спорт мектебіне және көшеге Мұстафаның есімін берудің жоспарға енгізілгенін жеткізді. 1994 жылы Мақаншы ауданындағы мектепке Мұстафаның келуі және күрес үйірмесін ашқанын тілге тиек етті. Енді оның күрес тәжірибесімен қайта жанданды.

Әрі қарай қасиетті Түркістанға Қожа Ахмет Яссауи кесенесін зиярат етті. Бабалар рухына құран бағыштады. Түркістан қаласының әкімі Әзімбек Пазылбекұлы жылы шыраймен қарсы алды. Мұстафаның Қазақ құрылтайы кезінде Түркістанда болғаны, кездесулер өткізгенін еске салды. Қазір жаңарған Түркістанда спорт сарайлары Бекзат Саттарханов, Әбдісал Нұрмаханов есімдері спорт кешендеріне берілген. Енді Мұстафа Өзтүріктің есімін бір ғимарат және бір көшеге беретінін айтып жеткізді. Әрі қарай Атырау қаласында Мұстафа Өзтүріктің есімі берілген көше салтанатты түрде ашылды. Неслихан онда сөз сөйледі. Атырау басшысы Берік Жамбылұлы қабылдады. Атырауда Досмағамбетов университетінде ректор Саламат Ыдырысовтың басшылығымен студенттермен кездесу болды.



Алматыда Неслихан Мұстафақызы мен Омар Тәйжі ұлы тұлға Дінмұхаммед Қонаевтың Кеңсайдағы қабірінің басында болып, рухына құран бағыштады. Кезінде М.Өзтүрік алғаш рет Қазақстанда болғанда Димаш атаның шаңырағында ақ батасын алған болатын.

Иә, алғашқы 1991 жылы Қазақстанға Германиядан 30 таэквондошы қазақ-түрік жастарын алып келіп, Алматыда спорт сарайында Мұстафа Өзтүрік өнер көрсеткен еді. Таэквондо спортын бірінші көруіміз ғой, спорт мерекесінде Халиф Алтай атамыз ақ батасын берді. Мұстафа, сол кездегі «Тамашаның» тарландары Құдайберген мен Тұңғышбай өнер шымылдығын ашқан еді. Спорт шолушылары Рабат Жәнібек пен Қынабай Аралбаев тікелей репортаж жүргізді. Ал мен Ержан Уайсов Қазақ телевизиясының жаңалықтары үшін шағын бейнетаспаға түсірдім. Бұл да бір ұмытылмас тарих. Алматыда Мұстафамен дос, жолдас болғандар Досхан Жолжақсынов, Жанар Айжанова, кәсіпкер Бауыржан Оспановтар бірге болып ақ дастарханын жайды.



Абай, Түркістан, Атырау облыстарының әкімдері Неслихан Өзтүрікке, Омар Тәйжіге шапан кигізіп, естелік сыйлықтарын ұсынды. Мұстафаның өмірін зерттеуші, телевизия мамандары Ғайша Керей мен Қуаныш бірге болды.



Неслизан Мұстафақызы Германияға қайтар жолда Ыстанбұлда әкесі Мұстафа Өзтүріктің мазарының басына барып, құран оқып, әулеттің ақсақалы Мәнсұр Тәйжінің батасын алды.

Иә, біз де Неслихан Мұстафақызы Өзтүрікке Қазақстандағы сапарларының сәтті өтуімен және 2026 жылымен құттықтаймыз. Мұстафаның есімін қазақ халқының есімінде мәңгі сақтаймыз.

Ержан УӘЙІС,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан мәдениет және сауда орталығының басшысы

21 ЖАСТАҒЫ ҚЫЗ ПЫШАҚ ЖАРАҚАТЫНАН ҚАЗА ТАПТЫ: КҮДІКТІ ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

Шымкентте 11 қаңтар күні 21 жастағы студент қызды пышақтап өлтірді деп күдікке ілінген ер адам ұсталды. Шымкент қалалық полиция департаментінің мәлімдеуінше, 28 жастағы күдікті қаладан 10 шақырым жерде ұсталып, қамауға алынған.



«Күдіктіні іздеуге қалалық полиция департаментінің барлық жеке құрамы жұмылдырылды. Қалаға кіріп-шығатын бағыттарда бақылау күшейтіліп, аумақты тінту жұмыстары жүргізілді.

Күдікті қала шетінен шамамен 10 шақырым жерде, ашық аумақтан анықталып, ұсталды», – делінген полиция хабарламасында.

Бұл дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды. Алдын ала мәлімет бойынша, ол марқұмның танысы болған.

Полицейлер қылмыстың себептері мен мән-жайы тергеу барысында анықталатынын атап өтті.

Өңірлік басылымның жазуынша, қылмыс 11 қаңтар күні кешке Шымкент қаласында Төлеметов пен Өтегенов көшелерінің қиылысындағы жаяу жүргіншілер өткелінде тіркелген. Бейнебақылау камераларына жазылып қалған жазбадан қыздың қашуға тырысқанын, кейін қарсылық көрсеткені, ал жас жігіттің оны ұрып-соғып, пышақпен бірнеше рет жарақаттағанын көруге болады. Кейін ол оқиға орнынан бой тасалаған.

Басылым келтірген ресми емес мәліметтерге сәйкес, марқұмға 11 рет пышақ жарақаты салынған.

Қаза тапқан Нұрай Серікбай есімді 21 жастағы студент қыз екені анықталды. Ол ата-анасымен бірге қылмыс орнына жақын маңдағы көпқабатты үйлердің бірінде тұрған. Отбасында екі ағасы бар, өзі үйдің кенжесі болған.

Nege.kz



ҚазҰУ ОҚУ КОРПУСТАРЫНЫҢ ШАТЫРЫНА КҮН ПАНЕЛЬДЕРІ ОРНАТЫЛДЫ

Атап айтқанда Экономика және бизнес жоғары мектебі, журналистика, заң, тарих, география, биология, филология және медицина факультеттерінің ғимараттары күн панельдерімен жабдықталды. Аталған жоба энергияны үнемдеуге және электр қуатына кететін шығынды айтарлықтай азайтуға септігін тигізеді.

Энергия өндіру станциясы келісім шеңберінде Қытай тарапымен бірлесіп 20 мың шаршы метр аумаққа салынды. Жоба іске қосылғаннан кейін оқу ордасының электр энергиясына деген қажеттілігінің бір бөлігі баламалы көздер арқылы қамтамасыз етілетін болады. Бұл студенттер мен қызметкерлерге тұрақты, экологиялық таза энергияны пайдалануға мүмкіндік береді, сонымен қатар университеттің инновациялық имиджін нығайтады.

Болашақта жоспарға сәйкес, ҚазҰУ қалашығындағы барлық факультеттер мен жатақханалар күн панельдерімен қамтамасыз етіледі. Бұған қосымша, қалашықтағы оқу корпустары мен әкімшілік ғимараттарының, студенттер үйінің, ғылыми орталықтардың шатырлары толық жаңартылуда. Шатырдағы ескі жабындылар алынып, тегістеу жұмыстары жүргізілді. Кейін қара қағаз төселіп, суағар жүйесі орнатылды. Аталған шаралар нысанның ұзақ мерзімге қызмет етуін қамтамасыз ету бағытында атқарылуда.

ҚазҰУ материалдары негізінде әзірленді

БИЫЛ СЫРДАРИЯ АРҚЫЛЫ КЕЛЕТІН СУ БЫЛТЫРҒЫДАН ДА АЗ БОЛАДЫ

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Үкімет отырысында Сырдариядан келетін судың азайып жатқанын «объективті шындық» деп сипаттады.



— Сарапшылардың болжамы бойынша алдағы вегетациялық кезеңде Қазақстанның оңтүстігіндегі өзен бассейндерінде су ағынының қысқаруы күтіледі. Сырдария өзенінің жоғарғы ағысында көрші мемлекеттер аумағында орналасқан су қоймаларының қазіргі толуы өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,2 млрд текше метрге төмен, — деді ол.

Министр 12 қаңтардағы жағдай бойынша оңтүстіктегі су қоймаларының толуы өткен жылмен салыстырғанда 1,9 млрд текше метрге аз екенін айтты.

— Бұл күз-қыс маусымындағы жауын-шашынның азаюы, мұздық ағынының қысқаруы және климаттың өзгеруінің жалпы әсеріне байланысты объективті шындық. Бұл факторлар ұзақ мерзімді сипатқа ие және оған жүйелі бейімделуді талап етеді, — деді ведомство басшысы.

АТЫРАУДАҒЫ ҚАНДЫ ҚЫЛМЫС ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ ӨЛІМІНЕ ҚАТЫСТЫ ТЫҢ ДЕРЕК ШЫҚТЫ

Атырау облысы Полиция департаменті тұтас бір отбасының жұмбақ жағдайда жоғалып кетуі және кейін ерлі-зайыптылардың денесі табылуына қатысты істің жаңа мән-жайын жария етті, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.



Ведомствоның мәліметінше, бұл іс аясында екі адам халықаралық деңгейде іздеуге алынған.

Полиция департаментінің баспасөз хатшысы Мейірім Ердәулеттің айтуынша, ерлі-зайыптылардың қызы із-түзсіз жоғалу дерегі бойынша халықаралық іздеуге "сары бюллетеньмен" жарияланған. Ал оның күйеуі қылмысқа қатысы болуы мүмкін деген күдікпен іздестіріліп жатыр.

Қазір олардың нақты қайда жүргенін анықтау және полицияға жеткізу бағытында жедел іс-шаралар жүргізілуде.

Сонымен қатар құқық қорғау органдарында аталған тұлғаларға тиесілі SIM-карталардың Қазақстанның әртүрлі қалаларында белсенді екені жөнінде мәлімет бар.

Әлеуметтік желілерде марқұм ерлі-зайыптыларды тұншықтырып өлтірген деген ақпарат тарағанымен, полиция бұл деректі ресми түрде жоққа шығарды.

Марқұмдардың денесінен пышақпен салынған жарақаттар анықталды. Яғни тілінген, кесілген дене жарақаттары тіркелді. Мәйіттерге сот-медициналық сараптама жасалды. Сарапшылардың қорытындысын күтіп отырмыз, – деді Мейрим Ердаулет.

Оның сөзінше, өлімнің нақты себебін тек сараптама нәтижесі көрсетеді. Сот-медициналық тексерудің өзіне тән мерзімі мен тәртібі бар.

Қазіргі уақытта қаза тапқан ерлі-зайыптылардың 32 жастағы ұлы Наурыз Мұқанғалиев пен 35 жастағы қызы Мейрамгүл Қарабалина әлі де іздестіріліп жатыр. Қыз соңғы рет Атырау қаласында бейнебақылау камерасына түскені анықталған.

Алайда тергеу мүддесіне байланысты оның нақты қай камераға түскені және қолда бар өзге мәліметтер жария етілмейді.

Полиция өкілдері әлеуметтік желі қолданушыларын тек ресми ақпарат көздеріне сүйенуге және расталмаған деректерді таратпауға тағы да шақырды.

Айта кетейік, бұған дейін Атырау облысындағы Жангелдин ауылынан ерлі-зайыпты мен олардың екі ересек баласы бар отбасының хабарошарсыз кеткені белгілі болған еді.

Ал 6 қаңтарда жантүршігерлік дерек белгілі болды. Үйдің жанындағы қорадан ерлі-зайыптылардың мәйіті табылған.

Кейін құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталында күдікті ретінде марқұм зейнеткерлердің күйеу баласы Сұлтан Сәрсемалиевтің аты-жөні көрсетілген жазба жарияланды. Ол жұбайымен бірге халықаралық іздеуге алынған. Қазіргі таңда олардың қайда жүргені белгісіз.

Сондай-ақ біз Атырау облысындағы қоғамды шошытқан сұмдық оқиғаның хронологиясына тоқталған едік.

Аталған іске қатысты полиция атыраулық «хакерді» іздестіріп жатқанын да жариялады. Одан кейін марқұм әйелдің соңғы аудиохабарламасы күдік тудырғаны айтылды.

Кеше, яғни 12 қаңтарда белгілі болғандай, ерлі-зайыптылардың өлтірілуінен кейін олардың кіші қызы – Ақбаян Мұқанғалиева халықаралық іздеуге жарияланды.



АБАЙ АУДАРМАСЫНЫҢ ӘЛЕМІ: «АЛЫП АБАЙ» КІТАБЫ *ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТЫМЫЗҒА ҚОСЫЛҒАН АСЫЛ ҚАЗЫНА БОЛДЫ*

Ақыл-ойымыздың асқағы, данышпан хакім Абайдың 180 жылдық мерейтойы өткен жылы еліміздің түкпір-түкпірінде мемлекеттік деңгейде кеңінен аталып өтті. Әсіресе, ақынның туған өлкесі Абай өңірінде он күнге созылған ауқымды мәдени-ғылыми шаралар ұйымдастырылып, ел руханиятына тың серпін берді. Мерейлі жыл аясында Абайтану ғылымына сүбелі үлес қосатын бірқатар еңбектердің тұсауы кесілді. Солардың ішінде қазақ әдебиеті үшін айрықша мәнге ие Абайдың аудармашылық қырын кешенді талдаған жаңа зерттеу еңбегі жарық көрді.



Желтоқсан айының бесінші жұлдызында Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі абайтанушы-ғалым Сауытбек Абдрахмановтың «Алып Абай. Конгениальность. Congeniality» атты көлемді еңбегінің тұсаукесері өтті. Бұл кітап тұтас Абай аудармашылығын толық қамтып, бұрын-соңды қарастырылмаған бағыттарды жан-жақты талдаған іргелі зерттеуге айналды. Бұған дейін бұл салада тек 1954 жылы жарық көрген Зәки Ахметовтің «Лермонтов и Абай» еңбегі ғана бар еді. Ол еңбекте Абайдың Лермонтовтан аударған шығармалары сараланса, жаңа кітапта Пушкин, Лермонтов, Крылов, Гете, Шиллер, Байрон, Мицкевич, Дельвиг, Полонский, Бунин және басқа да көптеген авторлардың барлық аудармалары тұтас қамтылған. Бірде-бір өлең назардан тыс қалмады деуге де болады.

Зерттеудің қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көруі Абайдың аудармашылық мұрасын әлемге танытуға жасалған маңызды қадам болды. Тұсаукесер барысында автор Абайды қазақ халқының ерекше құрметпен «Абай атамыз» деп атауы ақынға деген сүйіспеншіліктің дәлелі екенін атап өтті.

«Абай туралы толғанғанда бір жай таң қалдырмай қоймайды. Біз «Абай атамыз» деп сөйлейміз. Сөз мәніне үңілсек, бұл – ғажап құбылыс. Бүкіл халықтың бір ақынды «ата» деп атауы әлем әдебиетінде сирек», – деді қаламгер Сауытбек Абдрахманов.

Ғалым кітаптың жазылуына түрткі болған ойымен де бөлісті.

«Кандидаттық диссертация Пушкиннің аудармалары туралы болды, онда Абай туралы негізінен қозғалады. Одан кейін докторлық диссертацияда аудармалар кеңейтілді, онда да Абай аудармалары, басқа аудармалар туралы айтылады. Бірақ бәрібір жеке кітап күйінде жасауға осыдан бес жыл бұрынғы Қарағандыдағы конференцияда айтқан сөзім және конференциядан кейін екі-үш адамның маған айтқан әңгімесі қозғау болды. Онда мен: «Егер Абай бірде-бір жол өлең жазбаса; егер Абай қара сөздер жазбаса; егер Абай тек қана аудармамен шұғылданған болса, біз бүгін ұлы аудармашы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығын атап өтіп жатар едік», – дедім. Расында, Абай тек қана аудармашы болса да, ұлы тұлға болып қалар еді. Біздің кітаптың мақсаты – осы ойды дәлелдеу, осы ойды нақты лингвистикалық талдау арқылы жеріне жеткізіп айтуға тырысу», – деді автор.

Тұсаукесерге қатысқан ғалымдар зерттеудің құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталды. Филология ғылымдарының докторы, ақын Жанат Әскербекқызы:

– «Кітап «Төлтума және телтума», «Жыр жарысы», «Сарындастық салтанаты», «Мысал мектебі», «Асыл айшықтар», «Тәржіме тағылымы» деген тарауларға жіктеліп, әр тарауда тақырыбына сәйкес талдаулар топтастырылған. Алғашқы тарауда поэзия аудармасының қиындығы мен қызығы бұрынғы-кейінгі мысалдар арқылы дәйектеліп, автордың өзіндік көзқарас-пайымы ұсынылса, «Жыр жарысы» тарауы Пушкин туындылары мен Абай аудармасы арасындағы мінсіз үйлесім, суреткерлік қырағылық пен ұсталықты танытуға бағытталған. «Евгений Онегин» романының аудармасына зерттеу призмасынан жіті үңіліп, Абай қолтаңбасын айшықтай көрсетеді. Зерттеушілік көзқарас салқын пайыммен ғана тұйықталып қалмайды. Автор қаламгер ретінде өзі сезіп, түйсінген көркемдік тетіктерді дөп басып, теориялық пайымды танымдық өріске шығарады», – деді.

Ғалымдардың пікірінше, бұл еңбек – Абайтанудағы жаңа кезеңнің бастауы. Абайдың әлем әдебиетімен терең байланысын, рухани болмысын, аудармашылық биігін дәлелдейтін ғылыми оқиға ретінде бағаланды. Абай – біздің руханиятымыздың алтын қазығы. Хакім атамыздың жүрегі жылы, ақылы нұрлы, қайраты ыстық «толық адам» концепциясы – бүгінгі жас ұрпақтың жолбасшысы болуға тиіс деген пікірлер де назардан тыс қалмады.

Шынында да, бүгінгі қоғамда Абайды құр дәріптеп қою жеткіліксіз. Оны терең түсіну, зерделеу, зерттеу – ұлттық деңгейдегі міндет. Бұл жолда ғалымдардың жүйелі еңбегі төл руханиятымызды жаңа белеске көтеретіні сөзсіз. «Алып Абай» кітабы – қазақ сөз өнерінің қуатын, ұлттық танымның кең тынысы, Абай аудармашылығының шеберлігін айғақтайтын құнды еңбек.

Шағын материалымызды ел газеті «Егемен Қазақстанда» шыққан ғалым-қаламгер Сауытбек ағамыздың «Абай жолы адастырмайды» атты мақаласындағы мына жүрекжарды толғаныспен түйіндегіміз келеді: «Абай бәрін де айтып кетті. «Адам бол, мал тап» – тап осы төрт сөзде өмір сүрудің бар кілті, яғни жүрегіңді ұстаудың жолы да, шаруаңды ұштаудың жолы да тұрған жоқ па?

Абайымызды тұқыртқысы келетін, Абайымыздан айырғысы келетін күштер болған, бар және алда да бола береді. Абай – халықтың, ұлттың балама атауы. Абайға шабуылдың астарында («Абай өмірде болмаған» деген сандырақ сөздің, «Абай атынан ол шығармаларды басқалар жазған» деген алжыған әңгіменің тасқа басылғанын мына шыққыр көздің көргеніне көп уақыт өте қойған жоқ) халыққа, ұлтқа, ділге, тілге шабуыл жататынын, Абай ардақтаған достыққа, Абай шақырған бірлікке сына қағу жататынын ұмытпайық.

Абайсыз жұрт – абайсыз жұрт. Абайсыз жұрттың да, абайламайтын адамның да адасуы оңай.

«Абай – бізге Құдайдан берілген адам. Мұндай терең, алдын көргіш, данышпан адам бұрын туған жоқ. Біз Абай жолынан ажырамауымыз керек» (Мекемтас Мырзахметұлы).

Біз халқымыз сол жолға, Абай айтатын ғаділет жолына түскеніне, Әділетті ту етіп ұстағанына тәубе дейміз.

Абай жолы адастырмайды».

Бұдан асырып айту мүмкін емес-ау. Адамзаттың Абайы руханиятымыздың шамшырағы болып ғасырлардан ғасырларға жете берсін!

Әсемай РИНАТҚЫЗЫ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІ ДАМЫҒАН УНИВЕРСИТЕТТЕ СТУДЕНТТЕР ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА БЕЙІМДЕЛЕДІ



Қазіргі заманғы жаһандану жағдайында жоғары білім беру жүйесінің дамуы ғылым, білім және инновацияның өзара тығыз ықпалдасуымен айқындалады. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және технологиялық өзгерістері кәсіби тұрғыда дайындалған, ғылыми ойлау мәдениеті қалыптасқан, инновациялық ортада тиімді жұмыс істей алатын мамандарды даярлауды талап етеді. Осы үдерісте университеттердің ғылыми-зерттеу қызметі мен инновациялық ғылыми әлеуеті жетекші орын алады.



Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары білім беру үдерісінің сапасын арттырып қана қоймай, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Ғылыми ізденіске негізделген білім беру студенттердің теориялық білімін тереңдетіп, оларды тәжірибелік және шығармашылық қызметке бейімдейді. Осы тұрғыда Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми-зерттеу қызметі университеттің білім беру, ғылыми және инновациялық қызметтерін біртұтас жүйе ретінде дамытуды көздейді. Зерттеуге негізделген оқыту тұжырымдамасы білім алушыларды білімді тұтынушы емес, оны өндіруші субъект ретінде қалыптастыруға бағытталған. Бұл тәсіл студенттердің сыни ойлауын, ғылыми талдау жасау қабілетін және кәсіби дербестігін дамытуға мүмкіндік береді.

Университеттің инновациялық ғылыми әлеуеті ғылыми мектептердің қызметімен, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми белсенділігімен, пәнаралық зерттеулердің дамуымен және ғылыми нәтижелерді оқу үдерісіне енгізумен сипатталады. Ғылыми әлеуеті дамыған университетте білім беру мазмұны үнемі жаңарып, еңбек нарығының талаптарына бейімделеді.

АКАДЕМИК Ә. ҚУАТБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ҒЗЖ-НЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінде ғылыми-зерттеу қызметі университеттің даму стратегиясымен және жоғары білім мен ғылымды дамытудың ұлттық басымдықтарымен үйлестіріле отырып жүзеге асырылады. Университеттің ҒЗЖ саласындағы негізгі саясаты ғылым, білім және инновацияның өзара байланысын қамтамасыз етуге және жоғары білікті мамандар даярлауға бағытталған.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары оқу үдерісімен тығыз байланыста ұйымдастырылып, кафедралардың ғылыми жоспарлары мен профессор-оқытушылар құрамының жеке ғылыми бағыттарына негізделеді. Университетте ғылыми-зерттеу орталықтары, кафедралар және оқу-ғылыми зертханалар базасында кешенді зерттеулер жүргізіледі. Бұл құрылымдар білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне жүйелі түрде тартылуына мүмкіндік береді.

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР МЕН ЫНТАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ЫҚПАЛЫ

Университеттің инновациялық ғылыми әлеуеті әртүрлі бағыттағы ғылыми жобалар мен ынталы зерттеулер арқылы дамытылады. Гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-экономикалық және педагогикалық бағыттар бойынша жүргізілетін зерттеулер университеттің ғылыми әлеуетін кеңейтіп, білім беру мазмұнын жаңғыртуға ықпал етеді.

Ғылыми жобаларға профессор-оқытушылар құрамымен қатар докторанттар, магистранттар және студенттер қатысады. Бұл олардың ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастырып, кәсіби қызметке дайындық деңгейін арттырады. Ғылыми тақырыптардың өңірлік және ұлттық сұраныстармен сабақтастығы зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығын күшейтеді.

ШАРУАШЫЛЫҚ КЕЛІСІМ-ШАРТТАР НЕГІЗІНДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінде өндірістік және қоғамдық ұйымдармен бірлескен шаруашылық келісім-шарттар негізіндегі жобалар маңызды орын алады. Мұндай зерттеулер ғылыми нәтижелерді практикамен ұштастырып, білім алушылардың нақты кәсіби мәселелерді шешу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Практикалық бағыттағы ғылыми жобалар студенттердің инновациялық ойлауын қалыптастырып, кәсіби ортаға бейімделуін жеңілдетеді. Сонымен қатар бұл жобалар университеттің инновациялық ғылыми әлеуетін арттырып, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ОРТА

Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінде білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми конференцияларға, семинарларға және ғылыми пікірталастарға қатысуы олардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастырады.

Университет қабырғасында өткізілетін халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар ғылыми тәжірибе алмасудың тиімді алаңы болып табылады. Бұл іс-шаралар білім алушылардың ғылыми белсенділігін арттырып, ғылыми нәтижелерді көпшілікке ұсыну мүмкіндігін кеңейтеді.

ҒЫЛЫМИ НӘТИЖЕЛЕРДІ ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізіледі. Профессор-оқытушылар құрамы ғылыми зерттеулер негізінде оқу бағдарламаларын жетілдіріп, оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік нұсқаулықтар әзірлейді. Бұл білім беру мазмұнының ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.

Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік еңбектер студенттердің кәсіби даярлығын арттыруға, олардың заманауи ғылыми жетістіктермен танысуына мүмкіндік береді. Осылайша ғылыми қызмет білім беру сапасын арттырудың маңызды құралына айналады.

Қорытындылай айтқанда, Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің инновациялық ғылыми әлеуеті болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың тиімді негізі болып табылады. Ғылыми-зерттеу қызметі мен білім беру үдерісінің өзара ықпалдасуы студенттердің кәсіби құзыреттілігін, ғылыми ойлау қабілетін және инновациялық әлеуетін дамытуға жағдай жасайды.

Университетте қалыптасқан ғылыми орта, жүйелі ұйымдастырылған ҒЗЖ және ғылыми нәтижелерді білім беру үдерісіне енгізу жоғары білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде қоғамның зияткерлік әлеуетін нығайтып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталған тұрақты дамуды қамтамасыз етеді.

М. Д. МАМАДИЯРОВ,
«Ғылым» бөлімінің бастығы, г.ғ.к., доцент

• КИНОРЕЖИССЕР АБДОЛЛА ҚАРСАҚБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

«Даладағы күғын» КҮРДЕЛІ ДЕ КӨРКЕМ ТУЫНДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Арада біраз жыл өтті. Қоғамдық құндылықтар ауысты. Кешегі жаман деп атын атауға қорқып жүрген адамдарымыз елінің қамын жеген ұлдары екен. Кешегі жақсы деп әспеттеп жүргендеріміз отарлаушы елдің итаршылары екен. Бір сөзбен айтқанда, санамыз төңкеріліп түсті. Идеологиялық тұрғыдан жарамсыз деп тапты ма, аталмыш фильмді соңғы 25 жылда көгілдір экраннан мүлде жоғалтып алдық. Осы киноны өткенде интернеттен тауып алып, көріп шықтым. Көрдім де, ғаламның жұмбағын ашқан адамдай қайран қап отырып қалдым. Сосын халқының біртуар ұлы Абдолла Қарсақбаев ағамыздың рухына басымды тағы бір мәрте ие отырып, осы мақаланы жазуға тура келді.

Картинаның қысқаша сюжеті былай: буыны әлі бекімеген Кеңес өкіметін Құдіре бастаған жергілікті бандылар тобы мойындамайды. Дүркін-дүркін шабуыл ұйымдастырып, жергілікті атқарушы өкілдерге қысым көрсетеді. Жергілікті үкіметтің аймақтық бастығы ойлана келе, бандыларды бір тоқтатса осы тоқтатар деп, Құдіреге лайықты қарсылас ретінде қызыл әскер Хамитті жібереді. Хамит батылдығы мен табандылығының арқасында тапсырманы бұлжытпай орындап, Құдіренің көзін жойып қана қоймай, соған астыртын көмек көрсетіп, дем беріп отырған Ақан шалды да құрыққа түсіреді. Бас-аяғы осы. Былай қарасаң, қызыл империяның сойылын соғатын нағыз кеңестік кино. Режиссері Абдолла Қарсақбаев ұрда-жық ұранға қосыла бермейтін, халқының арғы-бергі тарихын зерделеп пайымдаған, ұлтының адал ұлдарының бірі екен. Оған дейін түсірген «Менің атым Қожа», «Алпамыс мектепке барады» фильмдерінде саясаттың сойылын соғып, кеңес билігіне алғыс айтқан жері болмапты. Енді түсіргелі отырған фильмі мынау. Азаматтық ұстанымынан аттай алмаған ағамыз бірден Құдіре жағына шығыпты. Оны фильмнің өн бойынан, Құдіренің сөздері мен істерінен байқауға болады.

Әуелі Хамит образына келсек, Досхан Жолжақсыновты халыққа танытқан – осы рөл. Бұл образ бір қарағанда сүйкімді әрі тартымды. Адал, батыл, қайсар. Жалаңдаған қызыл әскер. Намыс пен идея үшін өлімді қасқайып қарсы алатын нағыз ерге тән мәрт мінезі бар. Бірақ адалдығы жалпы адамзатқа деген адалдық емес, басқарушы үкіметіне ғана берілген адалдық, батылдығы мен қайсарлығы ұрда-жық, әсіребелсенділік пен әпербақандыққа ұласқан адам. Оны фильмдегі Хамиттің ең бірінші сөздерінен байқауға болады.

БАСТЫҒЫ: Соңғы рет қашан жадырап күліп едің?

ХАМИТ: Есімде жоқ. (!)

БАСТЫҒЫ: Ал соңғы рет қашан жыладың?

ХАМИТ: Он үш жасымда. Асау атты үйретем деп жығылдым. Етімнің ауырғанына емес, намыстан жыладым.

БАСТЫҒЫ: Аудандық үкіметтің өкілі Сейсенбаев банды Құдіренің аяғына домалап, жылапты.

ХАМИТ: Құдіре оны атып тастап па?

БАСТЫҒЫ: Ақан шалды аяды ма, қонақ салтын сыйлады ма, әйтеуір, тиіспей кетіпті.

ХАМИТ: Онда Сейсенбаевты атып таста.

Байқадыңыздар ма, Хамиттің образы осы диалогтан-ақ ашылып тұр. Жадырап күлмейді. Намысқой. Жендет. «Күн көсем» Ильичтің өзі бастап, жолын көрсетіп берген, сәбет өкіметінің сүйікті ісі – қит етсе сұраусыз атып тастау тәсілін жете меңгерген қызыл жендет.

Келесі көрініс. Хамит Құдірені іздеп, бір ауылға келіп тұр.

ХАМИТ: Совет өкіметі сендерге теңдік алып берді. Совет өкіметі сендерге жер алып берді. Совет үкіметі сендерге мал алып берді. Ал сендер Совет өкіметін бандыға сатасыңдар.

КӨПШІЛІКТІҢ АРАСЫНАН БІРЕУ: Сенің Сәбет өкіметің Құдіренің аяғына домалап, қатынша жылады.

ХАМИТ: (Ашуланып) Бұл қайсың?!

КӨПШІЛІКТІҢ АРАСЫНАН: Мен айттым. Саттар. Осында туып-өскем. Осында бала-шағамды асырап жүрмін. Ал сен кімсің?

ХАМИТ: Мен Совет өкіметінің өкілімін.

САТТАР: Сейсенбаев та сәбет өкіметінің өкілі болатын. Одан сенің артық жеріңді көре алмадық.

ХАМИТ: (көмекшісіне иек қағып) Тұтқынға ал!

Ату және қамау. Ұнамағанды ату, қарсы сөйлегенді қамап тастау. Міне, саған сәбет өкіметі!

Тағы бір көрініс. Хамит Ақан шалдың үйіне кіреді. Босағадан аттай бере айтқан сөзі:

– Сейсенбаев осы үйде жылады ғой!..

Үлкенмен амандасу, бөгденің үйіне кіргенде рұқсат сұрау атымен жоқ. Қазақтың мыңдаған жылдар бойғы сақталған салт-дәстүріне большевиктердің түкіргені бар. Кез келген үйдің есігін теуіп, жүре сөйлеп кіреді. Ең қызығы, дәл осы үйге банды Құдіре де тура осылай кірген еді.

– Маған аудандық өкіл Сейсенбаев керек! – деп.

Символикалық тұрғыдан Ақан шалдың киіз үйін сол кездегі қазақ даласы деп алсақ, бұл үйге біресе қырып-жойып банды Құдіре кеп әңгіртаяқ ойнатып кетеді, енді, міне, әкіреңдеп қызыл әскер Хамит кеп тұр. Бандың да бір, қызыл өкіметің де бір. Бірінен бірі өтеді. Режиссер барлығын дұрыс түйіндеп тұр.

Енді, міне, Ақан шалдан Хамит жауап алып отыр. Екеуі де әр сөзін астарлап сөйлеп, арбасып отыр. Маған осы жерде Ақан шалдың қатты ұнайтын бір сөзі бар: «Сендер Құдірені жеңе алмайсыңдар, ол сәбет өкіметі секілді бөтен жерде жүрген жоқ», – дейтұғын. Түсіне білген адамға, міне, сөз! Сәбет өкіметі, қанша тыраштансаңдар да, сендер бізге бөтенсіңдер. Бөтеннің аты – бөтен, ол бөтен болып қала береді. Банды болса да Құдіре – біздің өз баламыз, – деген ойды Ақан шалдың аузымен режиссер айтқызып отырғанына күмәнім жоқ. Өйткені режиссер сценарийді қалауынша өзгерте алады. Шындығында, Кеңес өкіметі қазақ халқы үшін бөтен болып орнады, қашан да өгейлігін істеп отырды, ақыры бөтен болып қаңсып қала берді.

Енді Құдіреге келейік. Қырғыз актері Әшір Шоқыбаев келістіре сомдаған бұл образ осы фильмді бір көрген адамның мәңгі есінде қалатыны даусыз. Құдіре асқақ. Құдіре мәрт. Құдіре, өзі айтқандай, еркін даланың батыры. Шын мәнінде оны бағындыратын өкімет жоқ. Хамит сәбет өкіметі үшін жанын қиюға әзір қызыл әскер болса, Құдіре





еркіндігі үшін өліп кетуге бар даланың бөрісі сияқты. Көрдіңіздер ме, қазіргінің жансыз да жасанды кинолары сияқты емес, бұл фильм қалай шиеленіседі, кесек образдар бір-біріне қалай қарсы тұрады десеңізші. Бүгінгі көзқараспен қарасақ, Құдіре – кешегі Кенесарының арманын ту еткен, еркін даланың ессіз батыры. Құдіреге керегі жалғыз нәрсе. Ол – еркіндік. Ол – тәуелсіздік.

Құдірені бәрі «банды» дейді. Кино басталғаннан-ақ «Құдіре» деген атқа «банды» деген сөз жалғанып айтылады. Банды Құдіре. Енді қараңыз, бас-аяғы бір жарым сағатқа созылатын осы фильмде Құдіре банды болып елге қоқан-лоқы жасағаны былай тұрсын, (саяси қарсыласы Сейсенбаевты қорқытқаны болмаса) тышқан мұрнын қанатпайды-ау жарықтық. Халықты қанамайды, елді тонамайды, басқа кезде білмеймін, біз көрген бір жарым сағат уақытта адам өлтірмейді. Азық-түлік пен оқ-дәріні Григорий деген бай орыстан алады. Былайғы момын жұртта шаруасы жоқ. Өзімен өзі. Ақан шалдың сақалын сыйлап Сейсенбаевқа тиіспей кетеді, ауылдың бір мыжырайған шалының сөзіне тоқтап, уысында тұрған Хамитті босатып қоя береді. Ойпырмай, бұл неғылған адамгершілігі мол, парасатты банды деймін? Мұндай адамның аңсағаны тәуелсіздік емей, не енді? Құдіренің көп сөзі цензураның қатал сүзгісінен қалай өтіп кеткеніне таңым бар. Жаман кейіпкер болған соң мән бермеген болар, әйтпесе Құдіренің барлық сөздері ақиқат. Фильм Ақан шалдың үйінде қонақ боп отырған аудандық уәкіл Сейсенбаевты іздеп, Құдіренің кіріп келуінен басталады. Құдірені алғаш көрсететін осы кадрдан-ақ режиссердің Құдіреге іштартуын байқауға болады. Құдіренің бейнесін көрсеткен сәттен бастап ерлік пен қаһармандықтың музыкасы ойналады. Бұған қоса, камераның төменнен түсіруі онсыз да бойы биік Құдірені асқақтатып жібереді-ақ. Салыстыру үшін айтайық, Хамиттің алғаш көрсетілуі бұған мүлде кереғар. Хамит жалаңаш денесімен құдықтың мұздай суына шомылып тұрады. Музыка жоқ. Камера алыстан алады. Хамиттің жүріс-тұрысы Чарли Чаплинге келіңкірей ме, қалай... Аздап күлкілі әуелі. Сонымен, Сейсенбаевты іздеп, Құдіре кіріп келеді. Сейсенбаев Ақан шалдан пана сұрап жылайды.

АҚАН ШАЛ: Қонағым ғой, Құдіре, қайтесің...

ҚҰДІРЕ: (тістеніп) Қонағым де! Қожаңдап билеп-төстегісі келеді, Сәбет өкіметімен!

Шынында, қонақтың қожаңдап билеп-төстеуі өзін «қазақпын» деген азаматтың әлі де болса зығырданын қайнататыны жасырын емес. Ендеше, Құдіреде не кінә?! Туып-өскен жеріне бөтен біреулердің қожаңдағаны Құдіре сияқты ер-азаматқа ауыр тимегенде қайтеді?.. 90-жылдардағы аласапыран замандарда келімсектерді өз орнына қойған сол кездегі қылмыс әлемінің серкелері бүгінде халық алдында батыр саналып жүр. Ендеше, сол батырлардың алды Құдіре емес деп кім айтады? Солар осы киноны көріп өсті. Құдірені пір тұтпады деп кім кепілдік бере алады?

АҚАН ШАЛ: Шашымның ағын сыйласаңшы.

ҚҰДІРЕ: (сәл ойланып) Қымыз ішкім кеп тұр.

Шаштың ағын сыйлап, сөзге тоқтауы – қазақ жігітіне тән мәрттік пен тектіліктің көрінісі.

ҚҰДІРЕ: (қымыз ішіп болған соң) Жарайды. Бір жолға аядым сені (Кетіп бара жатып бұрыла қап, дастархандағы кесені атып түсіреді. Сейсенбаев жылайды).

ҚҰДІРЕ: (қарқылдап күліп) Өкіметтің жылағанын көрсем рахаттанам. Бейшаралар! Жылайды.

Құдіренің осы бір күлкісі мен мазаққа толы табалаған сөздері арқылы Абдолла ағамыз іштегі шерін бір шығарған секілді.

Құдіренің: «Сенен мен мықтымын», – деп Хамиттің мұрнынан қысып, басын бұлғақтатқызып, мазақ етуіне немесе «Сәбет үкіметі менің жетегімде жүреді», – деп қызыл әскер Хамитті ат құйрығына байлап, жалаңаяқ тентіретуіне не деуге болады? Әрине, бұл – режиссердің іштегі қызылы. Құдіре – намыстың адамы. Фильмнің орта тұсына таман сатқынның кесірінен Хамиттің қолына түсіп қалатын жері бар. Хамитке өзін атқа отырғызып апаруын бұйырады. «Өңгеріп апарам» деп жауап берген Хамитті қол-аяғы байлаулы тұрғанына қарамастан, баспен ұрып сұлатып түсіретініне риза болмасқа шараң жоқ.

Фильмде сәтті шыққан көріністің бірі – бандылармен байланысы бар Григорий деген орыстың Хамитпен диалогы. Жаман ұлт жоқ, жаман адамдар бар. Дегенмен әр ұлттың өзіне тән мінезі бар екені ақиқат. Мысалы, орыс адамдарының кез келген уақытта астамсып өктем сөйлеуі, қырсыға жауап беретін қисық мінезі бар екені жасырын емес. Қарсы мінез көрсетіп, орнына қойған соң бірден жуаси қалатыны да белгілі.

Осы бір құбылыс режиссердің де назарынан тыс қалмапты. Үйіне кіріп келген Хамитті менсінбей сөз бастайды.

– Бейтаныс біреу үйіне баса-көктеп кіріп келсе, қожайын оған не істеу керек екенін білесің бе?

Хамит мылтығын оқтап, «атам» дегенде ғана есі шығып, бар шындықты жайып салады.

Осы секілді айтар ойы ар жақта жатқан фильмнің ұтымды тұстары өте көп. Орыстың қазақ даласында «қожайын» боп кергіп отырғанын қалай дәл көрсеткен десеңізші. Ең қызығы, сол «қожайындарды» қалай орнына қойып, тәубесіне түсіруді Абдолла ағамыз бізге ишаралап айтып кеткен сияқты.

Фильмнің соңында Құдіре тұтас әскерімен қақпанға түседі. Өзі жаяулай қашып, тау төбесінен аса бергенде Хамит тапаншасымен атып түсіреді. Құдіренің өлі денесі етекке домалаған күйі Хамиттің аяғына келіп бір-ақ тіреледі. Ел мен жердің қамын жеп, алды ел тәуелсіздігі үшін, арты жеке бастың еркіндігі үшін күрескен талай ерлеріміздің барлығының дерлік өлі денесі осылай етекке домалап, қызыл әскер табанының астында тапталды емес пе? Бас көтерер ердің бәрін оққа байлаған даладағы қуғын осымен бітеді. Енді алда Хамит секілді қызыл әскерлер құрған сәбет өкіметінің қазақ халқы үшін әдейі құрған үлкен торы тұр. Ол – ашаршылық. Бес қазақтың төртеуін жалмаған бұл ұлы нәубетте Абдолла Қарсақбаев бірге туған бауырларының бәрінен айырылыпты. Қарсақбайдың он алты ұлынан тірі қалғаны жалғыз осы Абдолла екен. Содан да болар, режиссердің қазақ даласындағы алапат аштық туралы мәңгі халық жадында қалатын өшпес туынды түсіруді өмір бойы армандап өткені. Бір өкініштісі, өзі түсірген «Балалық шақтың кермек дәмі» фильміндегі (Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесінің желісі бойынша) аштық туралы кадрлар түгел қырқылып кеткен деседі.

Ашаршылық нәубетінен ғайыптан аман қалған Абдолла бұл қырғынға Хамит секілді ұрда-жық әсіребелсенділердің өкіметі кінәлі екенін білмей қалған жоқ. Сондықтан:

– Өкіметтің жылағанын көрсем рахаттанамын! Жылаңдар, бейшаралар! – деп Құдіренің рахаттана күлуі не болмаса Құдіренің «қызылдың сілімтігі» деп таптап тұрып айтуы Абдолла ағамыздың еркіне салсаң, қазақ халқын түгел қырып жіберуге бар қарғыс атқыр қызыл империяға деген іштегі қыжылы мен аштықтан өлген бауырларының кегі емес деп кім айтады?

Өмірінің соңғы жылдарында Абдолла ағамызға түсіруге кино бермей, мысын құртыпты. «Басым киноға толып кетті», – деп шарқ ұрып шырылдайды екен жарықтық. Тоталитарлық режимнің кесірінен кино әлемінде еркін самғай алмаған қайран режиссер бар-жоғы 56 жасында Алматы көшесінде сәкіде отырған күйі жүрек талмасынан жүріп кетіпті...

Биыл Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, атақты кинорежиссер Абдолла Қарсақбаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Осыған орай ЮНЕСКО арнайы шешім қабылдап, биыл елімізде ЮНЕСКО көлемінде Қарсақбаев жылы жарияланып, көптеген игі іс-шаралар өткізілмекші. Қазақтай дана елі барда ғажап талант Абдолла Қарсақбаев есімі мен ісі ешқашан ұмытылмайды.

Жәнібек САУДАНБЕКҰЛЫ,
Әлмерек абыз музей кешенінің жетекшісі, драматург, киносыншысы

Бұл жазба қазақ дүниетанымының рухани-танымдық арнасын кеңейткен, ұлттық мәдениеттің семиотикалық жүйесін терең саралап, дала өркениетінің концептуалдық негіздерін ғылыми тұрғыдан жаңа деңгейге көтерген Алаштың аяулы азаматы, қазақ тану ілімінің қара нары, этнограф-жазушы, әдебиеттанушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбек Сланұлына арналып отыр.



АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТІҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ НАРРАТИВІ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

(Ұлт руханиятының классигі)

БАЛА АҚСЕЛЕУДЕН, ДАНА АҚСЕЛЕУГЕ

Әрине, бір ғана баяндамада ғалымның сан салалы зерттеулері мен мол ғылыми мұрасын толық қамтып шығу мүмкін емес.

Жаңарқаның жусанды жазығында дүниеге келген қарапайым ауыл баласының жастайынан қоғамдық-мәдени ортаға араласуы, кәсіби қалыптасуы, сондай-ақ журналистика мен ғылыми-зерттеу салаларындағы көпқырлы еңбегі – оның тұлғалық кемелденуінің маңызды кезеңдері ретінде бағаланады. Ғалымның жүздеген мақаласы, толассыз толғаныстары, жылдар бойғы жинаған деректері – барлығы да халық жадын жаңғыртуға, ұлттың бойына сіңген көне қасиетті қайта оятуға бағытталған рухани еңбектің жемісі.

Шынында, Бала Ақселеуден дана Ақселеуге дейінгі жол – қарапайым биография емес. Бұл – ұлттың өз көлеңкесінен шығып, үлкен әлемге тәуелсіз оймен қарауға бет алған жолы. Ақселеу сол жолда даланың үнін, халықтың сырын, ұрпақтың аманатын қағазға көшірген бірегей шежіреші болды.

Оның қаламынан туған әрбір дүние – тек ғылыми тұжырым ғана емес, ұлттық сананың жаңа тынысын ашқан публицистикалық серпіліс деп түсінеміз.

ҰЛТТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Қазақ руханиятында бір ғана салаға сыймайтын, бір ғана арнамен шектелмейтін ерекше тұлғалар болады. Солардың бірі – Ақселеу Сейдімбек. Ол – әдебиеттанушы, этнограф-жазушы, ғалым, тарихшы-философ, публицист, аудармашы. Бір адамның бойынан осыншама қырдың табылуы – тек зиялылықтың белгісі ғана емес, туған халқының рухани әлеміне терең бойлаған кемелдіктің көрінісі.

Ақселеу ең алдымен – **әдебиеттанушы.** Оның фольклортану мен әдебиеттанудағы тұжырымдары ұлттық сөз өнерін контекстуалдық және құрылымдық талдау тұрғысынан жаңаша түсіндіруге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар ол – **этнограф-жазушы**. Оның прозалық шығармаларына үңілсең, көшпелі жұрттың болмыс-бітімі көз алдыңа келеді. Киіз үйдің иісі, қоңыр даланың тынысы, бабалардың сөзі – бәрі Ақселеудің дүниетанымынан сүзілген қалпында жарқырап көрінеді. Ол этнографияны құрғақ ғылым емес, халықтың жүрек соғысын танытатын тірі құбылыс ретінде көрсеткен тұлға.

Ақселеу – **ғалым**. Оның «Қазақтың ауызша тарихы» сияқты еңбектері ұлттық ғылымды дербес бағытқа қарай бұрған іргелі зерттеулер санатына жатады. Ол қазақтың тарихи жадын жаңғыртып, ұлттың өзін-өзі тануына мүмкіндік берген ғылыми дүниелерді қалыптастырды.

Ол – **тарихшы-философ**. Ақселеудің философиялық пайымдары дала өркениетінің уақыт пен кеңістік туралы ұмытылған түсініктерін қайта жаңғыртты. Айтқан сөздері мәдени кодқа, ұлттық мінезге, тарихи сабақтастыққа бағытталған терең ойларға толы.

Ақселеу – **публицист.** Оның әр мақаласында ұлттық мүдде, рухани жаңғыру, тіл тағдыры, мәдени тұтастық мәселелері көрініс табатын. Ол сөзін ұранмен емес, уәжбен айтты; эмоциямен емес, біліммен білдірді. Сондықтан оның публицистикасы – қазақ қоғамын ойландырған ірі интеллектуалдық құбылысқа айналды.

Аудармашылық ерекшелігін айтар болсақ, Ақселеу Сейдімбек тілдік дәлдікпен қатар мәдени сәйкестікті қамтамасыз етуге, авторлық ой мен дәстүрлі ұлттық мазмұнды үйлестіруге ерекше көңіл бөлді.

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТІҢ КЕШЕНДІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ МҰРАСЫ

Ақселеу Сейдімбек **- қазақ этномәдени дәстүрінің тұғырлы теоретигі ретінде қ**азақ руханиятының кең ауқымды арналарын жүйелі зерттеп, ұлттың төлтума болмысын ғылыми һәм көркемдік тұрғыдан терең зерделеген тұлғалардың бірі. Оның шығармашылық мұрасы жанры жағынан да, тақырыптық бағыты жағынан да сан қырлы: көркем әдебиеттен бастап этнографиялық очеркке, ауыз әдебиеті мен күйшілік мұраны зерттеуден кәсіби аударма мен музыка өнеріне дейінгі кең өрісті қамтиды. Алайда бұл саналуандықтың астарында біртұтас идея – қазақ әлемінің тұтас келбетін ғылыми және көркемдік деңгейде таныту мақсаты жатыр.

Ғалымның ***«Қазақтың ауызша тарихы»***,**«Күңгір-күңгір күмбездер», «Қазақ әлемі»** еңбектері қазақ мәдениетін тұтас жүйе ретінде қарастыруға арналған методологиялық жаңа қадам болды.

«Қазақ әлемі» концепциясының негізгі қырлары:

• Ұлттық болмыстың тұтас моделі: Қазақ дүниетанымы кеңістік, уақыт және табиғатпен үйлесімді қатынас арқылы қалыптасатыны көрсетіледі.

• Көшпелі өркениеттің феноменологиясы: Еркіндікке ұмтылыс, кеңдікке сүйіспеншілік, табиғатпен гармония ұлттық мінездің негізі ретінде талданады.

«Қазақ әлемі» еңбегі этнография, тарих және философияны біріктірген ұлттық ілім ретінде танылады. Оның күй өнеріне арналған **«Күй шежіре», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың әйгілі күйшілері»** атты зерттеулерінде қазақ музыкасының генезисін, ладтық-әуездік құрылымын, стильдік айырмашылықтарын терең талдайды:

• Қазақ күйлерін аймақтық мектептерге бөлу жүйесін ғылыми негіздеді.

• Тарихи күйлер мен олардың шығу аңыздарын толық топтастырды.

• Музыкадағы этноэстетикалық кодтарды анықтады.

Ақселеу Сейдімбектің еңбектерінің атауының үнемі **«қазақ»** деп басталуы – жай ғана стильдік ерекшелік емес, оның ғылыми-зерделеу бағыты мен өмірлік миссиясының негізгі символы әрі нәтижесі болып қала бермек.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕҢІСТІК ПЕН РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ:

Ақселеу Сейдімбек және әлем халықтарының этнограф-жазушылары

Ақселеу Сейдімбектің ертегілерін сөзге қоспағанда-ақ, оның алты повесі мен он бір әңгімесі бар. Бұл туындылардың әрқайсысы – қазақтың рухани әлемін, дала болмысын, адам табиғатын тереңнен танытатын шынайы көркем дүниелер. Осы шығармалардың мазмұндық байлығы мен көркемдік қуаты Ақселеу Сейдімбекті тек қазақ әдебиетінің аясында ғана бағалауға болмайтынын көрсетеді. Өйткені ол ұлттық әдебиеттің шеңберінен шығып, әлемдік этнографиялық ой мен көркемдік дәстүрге табиғи түрде қосылған, шығармашылық өрісі кең тұлға ретінде тануымыз керек.

Сейдімбектің туындыларында дала адамының табиғатпен етене байланысы, аңшылыққа тән ерекше этика, рулық мифологияның терең қатпарлары мен жер мен аспан арасындағы космогониялық үндестік өзара астасып жатады. Бұл сарындар дүниежүзілік этнограф-жазушылардың ең таңдаулы шығармаларымен үндес келуі де тегін емес. Сондықтан да Ақселеу мұрасын әлем әдебиеті контекстінде зерделеу – қазақ әдебиеттануы үшін маңызды міндет.

Біріншіден, табиғат – жансыз орта емес, тірі организм, ал адам – сол тұтас дүниенің бір бөлшегі ғана.

Екіншіден, Аңшылық – қарапайым кәсіп емес, адамның рухани шыңдалуына арналған өнер.

Үшіншіден, жазушының басты міндеті – уақыт шаңына көміліп, жоғалу қаупінде тұрған дәстүрлерді тірілтіп, ұрпақ санасына қайта дарыту.

Міне, осы көзқарастардың тоғысуы Ақселеу Сейдімбек еңбектерінің мазмұндық ауқымын ұлттық деңгеймен шектемей, оларды кеңірек әлемдік әрі жалпыадамзаттық рухани кеңістікпен сабақтастыра түседі.

Жазушы туындыларындағы аңшы бейнесі – «табиғат заңын түсінуші», «жаратылысқа құрметпен қараушы» архетип.

Бұл әлем әдебиетіндегі:

- үндіс мифологиясындағы «рух жолынан өтуші»,

- скандинав дәстүріндегі «табиғатпен келісім орнатушы»,

- түркілік «дала абызы» архетиптерімен үндес.

Ақселеу кейіпкерлері салттық тыйымдарды бұзбайды, жаратылыспен рухани келісімде өмір сүреді. Бұл – Хаймийостс Стормның «Жеті оқ» шығармасындағы рухтық ритуализммен де, Спенстің мифологиялық баяндауларымен де сабақтас.

Ақселеу прозасының терең қабатында – ұлттың жадын сақтау міндеті тұр:

- жоғалып бара жатқан аңшылық терминологияны,

- салттық ұғымдарды,

- кәсіптік детальдарды,

- кеңістік моделін,

- рухани категорияларды көркем мәтінге енгізу арқылы қазақ болмысының мәнін сақтап қала алды.

Бұл тұрғыдан ол әлем әдебиетіндегі өз халқының мәдени кодын көркем түрде қайта қалпына келтіруші Шульц, Спенс, Шклярский сияқты авторлармен бір деңгейде десек артық айтқандық емес.

Ақселеу Сейдімбек шығармашылығы:

этнографиялық реализмді, мифопоэтикалық құрылымды, табиғат философиясын, ұлттық жады поэтикасын бір арнаға тоғыстырған әлемдік деңгейдегі әдеби феномен болып табылады.

Сондықтан, Ақселеу Сейдімбектің шығармашылық дәстүрі әлем әдебиетіндегі этнографиялық-мифопоэтикалық бағыттың ұлттық қазақ нұсқасы ретінде орныпып отыр.

Ақселеу Сейдімбек шығармашылығы әлем әдебиеті контекстінде төмендегі үш ірі бағыттың тоғысынан тұрады:

1) ***Этнографиялық реализм*** **– Джеймс Уиллард Шульц** *«Бүркіт аулаушы»*, **Джеймс Купер** *«Могиканның соңғы тұяғы», «Былғары шұлық»* – ұлттық болмысты тарихи-мәдени нақтылықпен суреттеу.

2) ***Мифопоэтикалық проза*** **– Хаймийостс Сторм** *«Жеті оқ»*, **Льюис Спенс** *«Солтүстік американдық үндістердің аңыздары»*, **Лью Шклярский** «Алтынның қарғысы» – архетиптер, салттық символдар, табиғат рухының рөлі.

3) ***Философиялық-экологиялық әдебиет*** **– Эрнест Хемингуэй** «Шал мен теңіз», **Майн Рид** *«Бұғылар елі»*, **Джек Лондон** *«Ақ азу»*,**Шыңғыс Айтматов** «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет»– табиғатпен рухани байланыс.

Осы үш бағытты ***қазақы өркениетпен*** тоғыстыра отырып, Ақселеу әлемдік әдебиетте баламасы жоқ ***дала прозасының жаңа моделін*** қалыптастырды.

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ПЕН ДЖЕЙМС УИЛЛАРД ШУЛЬЦ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ БЕЙНЕЛЕУ МОДЕЛЬДЕРІ

Ақселеу Сейдімбек қазақ даласының кеңдігі мен адам жүрегінің кеңдігін суреттесе, Шульц батыстың табиғаты мен адамның шынайы ерлігін көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, екі шығарма да адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік, батылдық пен ізгілік туралы ойды насихаттайды.

«ТАУҒА БІТКЕН ЖАЛБЫЗ»

Жанр – этнографиялық проза

Тақырыбы – адам мен табиғат арасындағы қатынас.

Идеясы – табиғаттың құдіреті, **(catharsis)** – рухани тазару, ұрпақ сабақтастығы мен мәңгілік өмірдің табиғатта ғана бар екендігі

Басты образ – Тарақты руынан шыққан жас бүркітші, батыл әрі табанды, аңшылыққа құштар.

Саңғыру тауы – шынайы этнографиялық объект. Жауынгерлік дәуірде – **Найзатас** (жауға қарсы қарауыл тұратын жер). Бейбіт заманда – **Саңғыру** (бүркіт саңғырығынан ағаратын тау).

Киелі кеңістік (Бүркіт ұясы) – адамдық құмарлық (бүркіт балапанын қолға үйретсем деген ежелгі аңшылық инстинкт).

Бүркіт – рухани күш, еркіндіктің архетипі, көктегі әлеммен байланыс.

Бүркіт балапаны – келешек ұрпақ, табиғаттың жалғасы.

Әжесі – кейіпкердің бала кезін еске түсіру.

Рухани сынақ – құздан түсу, бүркіт ұясын көруі.

Жалбызды алу – тез өсетін, бірақ тез солатын. иісі ғана қалатын өсімдік. ана махаббаты, адам өмірі – өткінші, (естелігі, рухы) мәңгі қалады. Ана архетипінің өсімдіктегі көрінісі.

«БҮРКІТ АУЛАУШЫ»

Жанр – этнографиялық проза

Тақырыбы – табиғатпен рухани үндестік

Идеясы – мәдени құндылықтарды, табиғатпен үйлесім

Басты образ – Қарааяқ тайпасынан шыққан Питамакан атты жас бүркітші, батыл әрі табанды, аңшылыққа құштар.

Бүркіт – еркіндік, рухани күш, күн құдайының елшісі. Бүркіт – кейіпкердің ішкі түйсігін оятушы күш

Тау (Рокки таулары) – қасиетті кеңістік, сынақ қабаты, ерлікке апарар жол.

Әжесі – қатал, дәстүрлі. Олар арқылы матриархалдық элементтер көрінеді.

Рухани сынақ – түнде жалғыз құзда қону.

Бүркіттің қауырсынын алу – бүркіттен бата алу

Параллелизм – Қарапайым зат – арқан.

1. Материалдық құрал;

2. Рухани байланыс, аталарының рухына жалғайтын жіп

Символизм – бүркіт – асқақ рух, биіктік

Ол бүркіттің аяғына былғарыдан жасалған сәнді жіптерді (белгілерді) байлады. Әрбір жіптің түсі мен түрлі тоқу әдісінің мағынасы бар: бұл құс қанша аң ұстағанын, иесінің қаншалықты батыл екенін көрсетті.

Бұл – классикалық инициация (өтпелі кезең) бозбала тауға шығып, өмірдің мәнін түсініп, ересек адам болып қайтады. Бүркіт балапанын алмауы – оның ***(catharsis)*** рухани тазаруы мен жеңісі.

Арқан – өмір мен өлімнің арасын жалғап тұрған этнографиялық деталь.

Параллелизм – Әже – рухани қорған, Бүркіт – физикалық қорған. Бірақ миссиясы бір – ұрпақ амандығы.

Символизм – жалбыз – нәзіктік, мейірім, жұпар иіс, туған жер. Тау – биіктік, тектілік, күш, қорған. Бұл екеуі бірге – ұлттық рухтың тұтас моделі.

Екі автор да өз мәдениетінің ішкі кодын ашып, табиғат алдындағы адамның орнын көрсетеді. Екі шығармада да жас кейіпкерлердің биік тауға шығуы – рухани өсудің метафорасы.

Әдеби бағыты: Экзистенциалдық мәселе: адамның табиғат алдындағы жауапкершілігі. Ең терең ұқсастық: екі шығармада да бүркіт – рухани жетілудің өзегі, жас адамның ішкі түлеуінің катализаторы.

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ТАНЫМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ИДЕЯСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ұлттық идеяның өзегін құрайтын төрт негізгі категория – **ұлттық код**, **ұлттық менталитет**, **ұлттық сана** және **ұлттық мінез**. Ұлттық код – ұлттың тарихи жадында сақталған мәдени-рухани ақпараттар жиынтығы болса, ұлттық менталитет – халықтың дүниені қабылдау ерекшеліктерін айқындайтын ойлау жүйесі. Ұлттық сана – өткенді тану мен болашақты бағдарлауға бағытталған рухани серпілістің өлшемі, ал ұлттық мінез – ұлтқа тән әдеп, болмыс пен жүріс-тұрыстың кешенді көрінісі. Осы төрт ұғым өзара сабақтасып, ұлттық идеяның негізін қалыптастырады және қоғамның рухани қауіпсіздігі мен мәдени тұрақтылығын қамтамасыз ететін басты факторларға айналады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақселеу Сейдімбек – тек жазушы не зерттеуші ғана емес, қазақ руханиятының жүгін арқалаған дара тұлға. Ол технократиялық дамудың ұлттық болмысты жұтып бара жатқан күрделі кезеңінде рухани мәңгүрттікке қарсы үздіксіз күресудің қажет екенін атап көрсетеді. Ұлтты сақтайтын – оның төлтума мәдениеті екенін дәлелдеп, өткеннің асыл қазынасын болашаққа жеткізуді қасиетті миссия деп білді.

Сондықтан Ақселеу Сейдімбек – қазақтың соңғы аңыз-абыз жасаушысы, дала философиясының тірі үні, ұлт рухының мәңгілік қорғаушысы. Оның мұрасы ғасырлар бойы әлемдік әдебиеттің төрінен орын алып, әрбір ұрпаққа «ұлт деген кім?» деген мәңгілік сауалдың ең шынайы жауабын ұсынып қала бермек.

Ұлы ғалымның кешегі кеңестік дәуірдегі «халықтық» емес, бүгінгі таңдағы «ұлттық» категорияны күшейтуге бағытталған зерттеулері ұлттық сананы дамытудағы маңызды механизм ретінде өз қызметін жалғастыра бермек.

Серікбол ҚҰСАЙЫНҰЛЫ,
Абай атындағы ҚазҰПУ
аға оқытушысы,
PhD, қауымдастырылған
профессор міндетін атқарушы

adilet-gazeti.kz

(Соңы. Басы 1-бетте).

Оспан өзінің революциялық күресте өз міндетін түсінгендігін былай деп аңғартады.

Орта жүз, елім Қоңырат,
атым Оспан,
Әр жерде ғибрат алып, білім тосқан.
Көз ашып, дүниеге келген соң-ақ,
Жетімдік, кедейлікті көрдім жастан.
Сіздерден жасыратын
бір сырым жоқ,
Дұшпанмын қанқорларға
әуел бастан,
Қайтпаймын бұл пікірден
еш уақытта.
Жалаңаш, жалаң аяқ,
өлсем де аштан.

Сондай-ақ Оспан Бапышевтің сақталған күнделігінде мынадай жолдар бар.

«Албырт және аңғал жас кезім, ештеңеден қорқу, үрку дегенді білмеймін. Міне, сол бағытыммен Бакуге барған соң жергілікті революционерлермен тығыз байланыс жасай отырып, олардың берген тапсырмаларын бұлжытпай орындауға жанымды салып жүрдім.

Бір күні ойламаған жерден мені полиция қолына түсірді. Полиция қолына түсіргеннен кейін қорқыту-үркіту арқылы менен түрлі бұралқы сөздермен сыр тарта бастады. Не керек, көп тергеудің астына алып, ауызыма сөз салса да ешкімнің атын атағаным жоқ, жәй өз бетіммен күн көріп жүрген адам болып көрініп бақтым.

Дегенмен мені «саяси қауіпті және күдікті адам» деп 1906 жылы Баку аймақтық соты екі жылға кесті. Қолаяғым шынжырлы күйінде қамауға алындым. Жағдай ауырлады» (Мылтықбай Ерімбетов «Аманат» кітабынан).

Тарихи деректерге сүйенер болсақ Оспанды Бакудегі түрмеден шығаруда Ташкенттегі жолдастары түрлі әрекеттер жасап көреді. Әсіресе, «саудагер» қожайыны Бабаев бар күшін салып, үкімет адамдарына ықпалы бар, атақты саудагер Қасымов арқылы Оспанды босатып алады. Осыдан кейін үйірменің ұйғарымы бойынша Оспан бой тасалау мақсатында Самарқан, Сырдария, Ферғана төңірегіндегі мұсылмандар арасында революциялық саяси жұмыс жүргізуге жіберіледі. Ел ішінде жүрген, мұсылманша әрі орысша сауатты, тілге жетік Оспан өзінің революциялық көзқарасын, ой-пікірін, елді ояту арманын халыққа жеткізуде жалғыз құралы – өлеңді пайдаланады. Сөйтіп, революция дабылын былайша өлеңмен өрнектейді.

Ол намыс хайуанда бар,
бізде жоқ па,
Көз салып қаралық та түрлі жаққа.
Талап қып алысқа біз
бара алмаспыз,
Ғылымсыз ескі күйде тұрған шақта.

Қылсақшы біз де талап ел болмаққа,
Сән құрып, сәулетті елмен
тең болмаққа.
Қылған ба Құдай парыз біздің елге –
Қолында болыс, бидің
жем болмаққа.

Қазақ халқының оқуға кірісер жылдары туған жанбыз, халықты ойлап көз жасын көл қылмаққа, әр жерден талапты ерлер елге керек болған кезең болатын. Көзге қуат, халыққа белгілі Оспан жас болса да патшалық Ресейдің отар аймақтарындағы халықтардың жағдайымен толық таныс еді.

Жасынан елден кетіп, ол кездегі ел ішіндегі ескі әдет-ғұрыптан жиреніп, намыс қылып, «басқа елдей неге болмадық екен?» деп уайымдап, торығып, түңілген жас революцияшыл Оспан қазақтың кей әдеттерін мінеп, 1914 жылы 11 мамырда жазған өлеңі былай:

Әдет бар біздің қазақ арасында,
Ол әдет жалғыз қазақ баласында.
Далада әдет деген бір жол ұстап,
Көрмей жүр адамдықтың
қарасын да.
Әдеттің бар білгені – байлау деген,
Өтірік айтып, жан-жағын
алдау деген.

Ертедегі қазақ дәстүрінің ең бір зәбірлі жері әйелдер теңсіздігі, олардың малға сатылуы, күн қатарында күнелтуі. Жас революцияшы Оспанның шаншудай жанын ауыртқан, жүрегіне тікенектей қадалған осы жай еді.

Тағы да әдетпенен қыз сатады
Қыз бітсе, жас күнінен мұңайтады.
Қыз сатпақ шариғатта,
еш заңда жоқ,
Жалған деп бұл сезімді кім айтады.
Ғибрат неге алмаймыз
басқа жұрттан,
Қазақтан басқа жұртты
байқасаңдар,
Ел бар ма, мал орнына
қызын сатқан?



Оспан Бапышев – көреген революционер

Бұл жылдар ел ішінде жасырынып жүрген жас халыққа білім ал деп жар салады. Қазақ ортасындағы пасық өмірге нала болады. Ескі әдеттің қарасын өшіру үшін ғылымға шақырады.

1915-16 жылдары Ресейде революция толқыны күшейген мезгіл таяп келе жатқанын сезген революцияшыл Оспан кедейдің мұңын жырлайды. 1915 жылы 4 маусымда былай дейді:

Мал керек қожаға да, төреге де,
Кедейді опат дейді кінәға да.
Опат деп түсінсеңіз – өлгенді айтар,
Қор болған кедей байғұс,
мұнша неге?!

1916 ЖЫЛЫ МАЙДАН ЖҰМЫСЫ: ЖАЛАҢАЯҚ КЕДЕЙДІҢ ЗАРЫ

Әділетсіздіктің тырнағына іліккен Оспан да қара жұмысқа алынып, 1916 жылы Батыс майданға аттанады. Орыс тілін жақсы білетін, еті тірі жас жігіт аштық-жалаңаштыққа, ауыр еңбекке, оның үстіне озбырлық пен зұлымдыққа душар болған Ресейдің отар аймақтары халықтарының жағдайына күйзеледі.

Мыңдаған қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен, тәжіктер арасында орысша тілге жетік Оспан аға ондық басшысы (десятник) болып тағайындалады.

Оспанның көз ашқалы көргені – қорлық пен зорлық болса да, одан бергі революциялық істер оны едәуір шынықтырады, ашындырады. Дүниені танытады, өмірге ойлы көзбен қарауды үйретеді. Алып денелі, көркем бейнелі Оспанның ақыл-ойы да қалыптасып, шыңдалады.

Әуелден кедейге деген зор ниетті, елжіреген жүректі Оспанның Батыс майданындағы Орта Азия халықтарының өзі бірге басынан өткізіп жүрген ауыр еңбек, аштық-жалаңаштық, қырынды көзбен көруі – қабырғасын қайыстырады, ішін елжіретеді.

Шыдай алмай, 1917 жылы қаңтар айында Мемлекеттік Думаға өтініш жазады.

Майданға жұмысшылар алудың барлық зардабын кедейлер ғана көргендігін, мұндай ауыр істе байлар мен шонжарлардың бас сауғалап қалғандығын, оларға ешбір кесір тимегендігін көрсетіп, ал сол кедейлердің майданда да сорлап, текке қырылып жатқанын зар қылып жазады, мұң етіп шағады.

Өтініш, әрине, аяқсыз қалады. Ол хатында майдан жұмысына алынғандарды елге қайтаруды талап етеді. Ресейдегі саяси жағдай шиеленісіп, большевиктерге қарсы үкімет жазалауы белең алған осы шақта қауіп-қатерді ескермей, патша саясатына қарсы келетін хат жазу – Оспанның қайсар ерлігі еді.

ТӨҢКЕРІС ЖЫЛДАРЫНЫҢ ҚАҺАРМАНЫ

Революция дүрмегімен майдан жұмысынан босаған Оспан Бапышев елге бет алып, өзбектің Қоқан қаласына келеді. Осы уақыттан бастап оның революциялық қызметінің жарқын да жемісті жаңа кезеңі басталады.

Қоқанда Оспан Бапышев әйгілі большевик П. Г. Полторацкиймен танысып, оның басшылығымен іске араласады. Бұл таныстық Оспан үшін және оның алдағы революциялық қызметі үшін зор маңызға ие болады. П.Г. Полторацкий Оспанның теориялық жағынан шыңдалған большевик болуына көп көмектеседі.

Оспан Бапышев Қоқанда жүрген кезде Ұлы Қазан революциясы жүзеге асады. Салтанатты жеңіс бұқара халыққа қанат бітірді. Әркім жаңа өмірге өз үлесін қосуға ұмтылады. Солардың бірі – Оспан, ол Шымкент қаласына келеді.

Мұнда ол Совет үкіметін орнатуға тікелей араласады. Коммунистік идеяны бойына терең сіңірген нағыз большевик ретінде Оспан П. Г. Полторацкийдің тапсырмасымен революциялық жұмысты өрістетеді. Іске белсене араласады.

"Шымкент (ол кезде Черняев) қаласында біріккен социал-демократиялық ұйым 1917 жылы мамырда құрылғанды. Оны құруға партия қатарына 1903 жылы кірген Н. А. Морозов деген большевик ұйытқы болды. Оспан Бапышев сол ұйымның белсенді мүшелерінің біріне айналды", – деп көрсетеді профессор Т. Елеуов өзінің «Қазақ ауылында совет үкіметінің орнауы және нығаюы» деген еңбегінде.

ҰЛТТЫҚ ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ

Ұйым мүшелері жергілікті тұрғын халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, большевиктер партиясының саясатын, принциптерін кеңінен түсіндіреді. Бұл ұйымның жергілікті ұлт еңбекшілері арасындағы жемісті жұмысы туралы «Наша газета» 1917 жылдың 13 маусымында былай деп жазды:

"Черняевте Морозов басқарған шағын, бірақ ынтымақты топ жұмыс істейді. Біздің жағдайымызда сол жолдастардың жергілікті халық арасында жүргізген жұмысы ерекше маңыз алып отыр. Еңбегімен күн көретін пролетарлар тілмаштардың көмегімен социал-демократия идеяларын қабылдап, жұмысшы қозғалысының негізгі қағидаларын тез ұғынады. Партия қатарына қосылған бұлар партияның белсенді мүшелеріне айналды. Олар өз міндеттерін ынтамен орындайды. Бұл бағыттағы жұмыс өте қажет және одан үлкен нәтиже күтуге болады".

Черняев ұйымының осындай қызу да мақсатты ісінің бел ортасында Оспан Бапышев жүрді.

Бапышев енді Әндіжанға жіберілді. Мұнда келісімен ол жергілікті еңбекшілерді топтастырып, Советтер құруға кіріседі. Осы жұмыста ол өзінің идеялық саналығы мен ұйымдастырушылық қабілетін, принципшіл, жалынды революционер екенін көрсетеді.

Жергілікті халыққа беделі артқан ол әртүрлі идеялық ағымдарды, үстем таптардың тосқауылын жеңе отырып, партия тапсырмасын мүлтіксіз орындайды. Еңбекші мұсылмандардың басын қосып, оларды саяси ұйымдасқан күшке айналдырады. Осындай маңызды шаралар жүзеге асырылған соң, 1918 жылдың қаңтарында Әндіжанда еңбекшілер съезі шақырылды. Бұл съезде Әндіжан қалалық және уездік Советі құрылып, оның тұңғыш төрағасы болып Оспан Бапышев сайланды.

Оспан Бапышевтің әділ азамат екенін және халықты шын сүйгенін мына бір дерек дәлелдейді: Қоқан автономиясы көтерілісі кезінде Бапышевті Иргаш қамауға алады, алайда жергілікті мұсылмандардың талабымен ол қамақтан босатылады. Халық Оспанды түрмеден қолдарына көтеріп алып шыққан. Қоқан автономиясы жойылғаннан кейін Түркістан Орталық Атқару Комитеті Бапышевті Ферғана аймағында Советтерді ұйымдастыру жөніндегі өкіл етіп тағайындайды.

1918 жылдың маусым айында ол Әндіжан қалалық және уездік Советтің төрағасы болып қайта сайланады.

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРГЕ СҮЙЕНСЕК

Бүгінгі күндегі желі тармақтарындағы тарихи-ғылыми деректерге сүйенер болсақ: Закаспий майданының әскери-саяси штабы бастығының бірінші орынбасары болып тағайындалған Оспан Бапышев контрреволюцияға қарсы күштерді топтастыруға, партиялық-саяси жұмысты нығайтуға көп еңбек сіңіреді.

Сонымен бірге ол дала тергеу комиссиясының және Закаспий майданы соғыс-дала сотының төрағасы қызметтерін қоса атқарады. Революциялық тәртіпті нығайтып, контрреволюцияға қарсы күресте батылдығымен, тапқырлығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі.

Майданда түпкілікті жеңіске жетуді қамтамасыз ету міндеті Қызыл Армия қатарын толықтыруды, азық-түлікпен қамтамасыз ету ісін түбегейлі жақсартуды талап етеді. Осындай кезек күттірмейтін күрделі жұмысты жүзеге асыру дереу қолға алынады. Закаспий майданы басшылары Оспан Бапышевқа жергілікті ұлттардан ұлттық Қызыл Армия бөлімдерін құруды тапсырады. Бұл тапсырманы орындау сол кездегі қилы-қилы саяси жағдайда аса қиынға соқты. Ұлттық Қызыл Армия бөлімдерін ұйымдастыру түйінді саяси мәселелерді шешетін еді. Біріншіден, революция жеңістерін қорғаса, екіншіден, жергілікті халықтар саяси күреске араласып, санасы оянады, үшіншіден, түрлі буржуазиялық саяси ағымдарға соққы беріледі, халық Кеңес өкіметінің, большевиктер партиясының төңірегіне топтасады. Осындай саяси-әлеуметтік маңызы зор мәселені шешу Оспан Бапышевқа сеніммен тапсырылады. Бұл сенімді Оспан Бапышев зор абыроймен орындайды. Оспан Бапышевтің совет одағын құрудағы еңбегі орасан зор болған бұл туралы жазушы, журналист Мылтықбай Ерімбетовтың «Аманат» атты кітабында нақты тарихи деректермен толық қамтылып жазылғандығын айта аламыз.

Мақаламыздың бас кейіпкері, азамат соғысында сұрапыл қайрат көрсеткен ардагер батырымыз Оспан Бапышев, бейбіт өмірде де халық шаруашылығын көтеруде орасан зор еңбек сіңіріп 1957 жылы 26-мамырда қазіргі Түркістан облысы Жетісай ауданына қарасты Жамбыл атындағы колхозда 76 жасында өмірмен қоштасады.

Ескерту: Мақаланы жазуда журналист М.Ерімбетовтың «Аманат» атты кітабынан кеңінен пайдаланылды.

Нұрлан ТОТАНОВ,
журналист, ақын

Мен емеспін...

Журналист, ақын
Нұрлан Тотановтың туындылары

Мен емеспін жағымпаз боп шабатын,
Мен емеспін білмейтін өз шамасын.
Білем бірақ кездеседі өмірде,
Тырнағыңнан кірді іздеп табатын.

Мен емеспін сен ойлаған ақымақ,
Жүргенім жоқ подход жасап жалпылдап.
Жүрем бірақ ағайын мен бауырды,
Өз әкемдей жүрегіме жақын ап.

Мен емеспін сен ойлаған жағымпаз,
Мен туралы қадамыңды ойлап бас.
Мен туралы пасық ойлар ойласаң,
Айналайын жүректегі көзіңді аш.

Мен емеспін сен ойлаған тақ құмар,
Мен емеспін өз бауырын жат қылар.
Еңбек ету бауыр үшін бір өмір,
Болып қалған білсең маған бойтұмар.

Қызықпаймын мансапқа да таққа да,
Зиянım жоқ бауыр түгіл жатқа да.
Айтарыңды бетіме айт қорықпа,
Маңдайыңнан мылтықпенен атса да.

Мен емеспін сырттан тірлік қылатын,
Мен емеспін ынтымақты бұзатын.
Мен адаммын қолдан келсе барынша,
Ағайынның атын мақтап шығатын.

Мен емеспін жат жетекке жүретін,
Мен емеспін ойсыз өмір сүретін.
Бірақ білем менің де ту сыртымнан,
Күшіктер бар тістей алмай үретін.

Мен ақынмын тілім тасты кесетін,
Тек шындықтың ала арқанын есетін.
Бауыр болсақ болайықшы біз тәуір,
Өшетін емес, алға қарай өсетін.

Ақиқат іздеп шаршадым

Көрмедім ақиқатты жер бетінен,
Шықпадық өтіріктің өлкесінен.
Қай жерге барсамдағы жырымды алып,
Жалғанның желбесігі тербетілген.

Жоқ екен ақиқаттың ақ найзасы,
Шындықтың шытынаған шарайнасы.
Әттең-ай түзелмейтін қазақ болдық,
Уланған арсыздықпен ой-санасы.

Көрмейді құнды сөзді жазсаң дағы,
Шындығын бұл заманның ашсаң дағы.
Шын ақын шетте қалып құны түсіп,
Жағымпаз, жандайшаптар талтаңдады.

Шындықты таба алмастан сүйікті елден,
Заманымнан түңіліп күйіп кетем.
Ажырата алмайтын адамдар-ай,
Аласаны асқарлы биіктерден.

Болмай ма? сөзді оқып сараласа,
Ақиқаттың ауылын араласа.
Жоқ әліде бақыт па біреулерге,
Біреулердің көңілін жараласа.

Түсіндім кеше күнгі адамдарды,
Қия кеткен қатыгез қадамдарды.
Торғайлардың тон жауып желкесіне,
Бөрікпенен шектеді бұлбұлдарды.

Бола ма? бұл заманға алаңдамай,
Тірі жүрсем мұндайды көрем талай.
Өзгеруің қиын-ау бұл кетуде,
Қу заманның құбылған адамдары-ай.

Болғанымен жаныма жырым жалау,
Ақиқатты боп жатыр мойындамау.
Көргенменен шындықтың шаңырағын.
Асқынып тұр арада сөз бұрмалау.

Өрсемдағы шындықтың асыл жырларын,
Көтерсем де халықтың ауыр мұндарын.
Өзгермейтін адамдардан жалғанда,
Ақиқаттың аспанын іздеп шаршадым.

Жылқы жылы құт болсын!

Жылқы жылы құт болсын кіріп келген,
Бейбітшілік кетпесін сүйікті елден.
Ұрпағымыз өрістеп өсе берсін,
Көзге түсіп беделі биіктерден.

Жылқы жылы құт болсын кіріп келген,
Ел болайық халқына ерік берген.
Тыныштықтың символы біз болайық,
Өзге елді өзіне еліктірген.

Жылқы жылы құт болсын кіріп келген,
Қолға алайық жемісті үміттерден.
Армандардың баршасы орындалсын,
Нығмет келіп ойдағы ниеттерден.

Жылқы жылы құт болсын кіріп келген,
Ақбозаттың арманның мініп келген.
Орын алсын ақ тілек, адал ниет,
Аппақ қардай тап-таза жүректерден.

Жылқы жылы құт болсын кіріп келген,
Он екі жыл жол басып жүріп келген.
Болсыншы Алла осы жыл баршаңызға,
Ынтымақ пен ырысты үйіп берген.

Жылқы жылы құт болсын кіріп келген,
Құт береке кетпесін көрікті елден.
Жамандықтың іргесін алыс етіп,
Сақта Раббым елімді бүліктерден.

Жылқы жылы құт болсын кіріп келген,
Қарсы алайық ақ маржан ниеттермен.
Кешірімнің желбіреп ақ байрағы,
Өкпе-араз жоқ болсын жүректерден.

Жылқы жылы құт болсын кіріп келген.
Айырмасын бақытты ерікті елден.
Армандарға аңсаған қол жеткізіп,
Көрінейік бәріміз биіктерден.

01.01.26

(Жалғасы 8-бетте).



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ҚАРҒЫС АТҚАН ӘЙЕЛ

Жұмыс кабинетімнің есігі жай тықылдағандай болып, іле-шала ішке қолына үкілі домбыра ұстаған сегіз-тоғыз жастардағы кішкентай сүйкімді қызды ерткен орта жастардағы жүзі жылы әйел имене қадам басты.

– Амансыз ба, қарағым, – деді апайдың дауысы батылсыздау шығып, – телеарнаның директоры сіз боласыз ба?

– Иә, мен боламын. Қандай шаруамен келіп едіңіз, төрлетіңіз, – дедім қарсы алдымдағы үлкен столдың жанындағы орындықтарды көрсетіп.

– Рахмет, айналайын!

Олар орындыққа жайғасып, бейтаныс әйел сөзін неден бастарын білмей, сәл тосылып қалды.

– Шырағым, менің есімім – Алтынай болады, – деді апай өзін таныстырып. – Жанымдағы қыз менің немерем, аты – Мөлдір. Ұлым мен келінім осыдан үш жыл бұрын жол апатынан қайтыс болып, немереміз екеуміз қайғыға тұншығып жүрген жайымыз бар. Алданышым да, сүйенішім де қаршадай ғана осы қыз. Әкесі инженер болса да, өнер атаулыға бір табан жақын еді, домбыраны керемет шертетін. Мөлдір де әкесіне тартқан, домбыра десе ішкен асын жерге қояды. Сіз басқаратын телеарнада жас бүлдіршін ұл-қыздарға арналған «Өнерлі жеткіншек» деген хабар бар. Немерем екеуміз оны үзбей қызыға көреміз. Өзі сияқты өнерпаз жеткіншектерді көрген сайын Мөлдірім қатты қызығып, теледидардан өзі өнер көрсеткенді армандап жүр.

– Талабыңа нұр жаусын! Кәне, бір күйді орындап берші, – дедім Мөлдірге сүйсіне қарап. Бүлдіршін қыздың көзі қуаныштан жарқ етіп, орнынан ұшып тұрып, қолына домбырасын алды.

– Қай күйді орындайын? – деді әжесіне шаттық жүзбен қарап.

– «Балбырауынды» орындай ғой, қалқам, ағаң да естісін.

Үкілі домбыраның әсем қоңыр үні үлкен кабинет ішін тербеп тұрды.

– Талабыңа нұр жаусын, айналайын! – деп орнымнан тұрып, Мөлдірдің маңдайынан сүйдім.

Кішкентай тұлымды қыздың жүзі қуаныштан бал-бұл жайнап, әжесіне мақтаныш сезіммен қарады.

– Қазір «Өнерлі жеткіншек» хабарының режиссерін шақырайын. Бүгін кезекті хабардың түсірілімі болып жатыр. Мөлдірді жазып алсын, – дедім алдымдағы қоңыр телефонға қол созып.

– Шырағым, өнерді шын бағалайды екенсің, талай бұлақтың көзін ашқаның көрініп тұр, ниетіңе рахмет, айналайын! Бірақ, бір ыңғайсыз... жағдайдың болып тұрғаны.

Апай сөзін аяқтамай жұтып қойып, жанында томпиып отырған немересіне бұрылды.

– Мөлдіртай, үш-төрт минутқа дәлізге шығып, мені күте тұршы. Ағаңа айтатын бір әңгімем бар еді.

– Мақұл, әже, сізді кіре берісте күтемін, – деп Мөлдір есікке бет алды.

– Шырағым, режиссер келіншектің есімі Нәзира емес пе? – деді Алтынай дауысын ешкім есітіп қоймасын дегендей жай сөйлеп.

– Иә, дәл соның өзі, – дедім көңілімді бір белгісіз күдік билеп.

– Осындай жасқа келгенде біреудің сыртынан ғайбат сөз айту дұрыс емес екендігін жақсы түсінемін, – деді Мөлдірдің әжесі кібіртіктей сөйлеп, – бірақ айтпасқа шарам қалмады. Бұдан бұрын да жас өнерпаздардың музыкалық хабарына түспек ниетпен екі рет келген болатынбыз. Байқаймын, немерем домбыра тартудан қара жаяу емес, аяқ алысы жақсы. Дегенмен, екі рет те белгісіз себептермен іріктеуден өтпей қалдық. Таудай талабы бар немеремнің жәутең-жәутең етіп жыламсырағанын көргенде жүрегім сыздап ауырып, отырарға жер таппадым. Бүгін үшінші рет алдына бардық. Сан-түрлі сылтау айтып, бізді бұл жолы да жолатпады. Еңсеміз түсіп, қайтып бара жатқанда әлгі режиссер мені оқшаулау шығарып алып: «Осымен немереңізді сүйреп үшінші рет келіп тұрсыз: ымды да, дымды да білмейді екенсіз өзіңіз. Немереңізден несін аяйсыз, былай нетіп жібермейсіз бе?» дегенде шошып кеттім. Өз құлағыма өзім сенбедім. «Ойпырмай! Басқа, басқа кішкентай балалардың өнері де сатулы болғаны ма деп қапаланып, өзіңе келіп тұрмын. Артық кетіп мазаңды алсам, айып ете көрме, балам!

Біреу төбемнен балғамен соғып жібергендей, жерге кіріп кете жаздадым. Алтынай апай режиссер Назираның атын атағанда бекерден-бекер күдіктенбеген едім. Үлкен телеарнада қызмет атқарғаныма үш жылдан асып, кімнің – кім, қандай дәрежеде шығармашылық қызмет атқарып жүргенін жақсы білемін. Адамды бір көргенде кім екенін сезе қоятыным бар: беті мен мойны бітесіп кеткен шомбалдай қара келіншекті алғаш көргенде-ақ ұната қоймадым. Қанша білдіргісі келмесе де жылтыр, жылпос, кімнің тарысы піссе, солай қарай жүгіре жөнелетін қыт-қыт еткен тауықтың нақ өзі. Өзінен дәрежесі үлкен қызметкердің алдында құрдай жорғалайды, ал, өзінің қарамағындағы үлкен-кішіге шіренгенде, астындағы жер ойылып түсіп кетеді десем өтірік емес. Сондықтан да болу керек, әріптестері бәледен аулақ дегендей, одан алыстау жүреді. «Құдай сыбырлағанды да естиді» демекші, сұғанақ, қолы таза емес екенін іштей сезем, сырттай естіп те жүрмін. Ондайларды қолынан ұстап алмасаң, ұры деуге қақың жоқ. Күнделікті жұмысына уақтылы келеді, уақытында кетеді. Дайындаған хабарлары керемет болмаса да белгіленген уақытында эфирден өтіп жатады. Сондықтан да жұмыстан шығарып жіберуге еш негіз жоқ. Жұмысымызда қысқарту болғанда екі рет Назирамен ың-шыңсыз қоштасқым да келді. Бірақ, кәсіподақ комитеті қарсы шықты: өйткені, ол бейбақ жалғыз басты ана, әлі кәмелетке толмаған кішкентай қызы бар.

Үлкен кабинетті сәл үнсіздік басты. Мен қоңырауды басып, хатшы қызды шақырдым.

– Алма, маған «Өнерлі жеткіншек» хабарының режиссері Нәзира Қоңқабайды осында алып кел. Тез!

Менің қарауытып кеткен ашулы жүзіме таңқала қараған хатшы қыз кабинеттен жылдам шыға берді. Көп ұзамай кескен томардай қара келіншек ішке алақ-жұлақ етіп кіріп, менімен өтірік жымиып амандасып: «Басеке, жайша шақырдыңыз ба? Түсірілім жасап жатыр едік», – деп қарсы жанымдағы орындыққа жалп етіп отыра кетті. Іші бірдеңені сезді ғой деймін, диванда отырған Алтынайға тесірейе қарап қалыпты.



– Нәзира, диванда отырған апайды танисың ба? – дедім ашуға іштей булығып отырсам да, сыр білдірмеуге тырысып.

– Иә, бұл кісіні бүгін түсірілім алдында кездестірдім. Немересін хабарға түсіруге әкелген екен, өкінішке қарай, дайындығы төмен дәрежеде болып шықты. Өзіңіз де жақсы білесіз, әрбір талапкерге қоятын талабымыз өте жоғары. Ең бірінші хабардың рейтингіне басты назар аударамыз, – деді Нәзира зып-зып етіп.

– «Өнерлі жеткіншектің» рейтингі жоғары болуы үшін басыңды тауға да, тасқа да соғып, қабырғаңның қайысып жүргені дұрыс-ақ дейік. Үкілі үмітпен келген жас бүлдіршіннің әжесін оңаша шығарып алып, құлағына бірдеңе деп сыбырлаудың бұған қандай қатысы бар? – дедім режиссердің бетіне тік қарап.

– Сыбырлағаны несі? – деп Нәзира шошып кетті – бұл кісі үлкен басымен көзімді бақырайтып қойып маған жала жауып отыр. Осыншама жасқа келіп өтірік айтып, аққа қара жағудан ұялмайсыз ба? – деп режиссер долданып шыға келді.

– Шырағым-ау, мен біреуге орынсыз бәле-жала жабатын адам емеспін. Маған не деп айтқаныңды қайталап айтып берейін бе?

Алтынай апайдың сөзі нақты, салмақты шықты.

– Басеке, мына кісі менің абыройыма қара дақ салып отыр. Мен бұны текке қалдырмаймын, сотқа беремін бұл жалақорды! – деп артистей құбылған ол көз жасына ерік берді. Онсыз да қара жүзі түтігіп, Алтынайға зілдене қарап, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығып, қарғана сөйледі.

– Сырты бүтін, іші түтін дәл осындай оңбаған адамдар дүниені бүлдіріп жүр. Нағыз жылпос, екі жүзді оңбағансың сен! Құдайдан қорықпайсың ба? Жаратқан ием бар болса, сені тірі қалдырмай, екі аяғыңды аспаннан келтіріп сын! Анамның ақ сүтімен ант беремін! Мен аштан өлсем де, біреуден пара алмаймын! Айтқан сөзім жалған болса, Құдай дәл қазір желкемді үзсін!

– Доғар, мына былапыт сөздеріңді, – дедім ашуланып, – босқа қарғанба! Білеміз, көзіміз соқыр емес! «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды».

Көзінің астына жаққан қара бояуы бетіне ағып, әлем-жәлем болған режиссер енді маған дүрсе қоя берді.

– Мені қорғаудың орнына, қайдағы біреумен әмпей-жәмпей бола қалыпсың. Сен де сау сиырдың боғы емессің. Қайтсем менің көзімді құртамын деп тісіңді қайрап жүргеніңді білмейді дейсің бе, бәрін білемін. Жесір әйелді басынғың келді. Қанша Құдай болсаң да, маған ештеңе істей алмайсың. Абайла, менімен алысамын деп жүріп, тоңқалаңасып жүрме!

Бүкіл кабинетті басына көтеріп, ушу қылған Нәзира кердең-кердең етіп, сыртқа шығып кетті. Сәл орнай қалған тыныштықты Алтынайдың дауысы бұзды.

– Шырағым, «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деп аталарымыз бекер айтпаған. Мына арсыз немеден бәрін күтуге болады. Әділдікті айтамын деп, естімеген сөзің қалмады. Адал жігіт екенсің, шырағым! Алла әрқашан да өзіңе жар болсын! Қой, үйіме қайтайын, немерем екі көзі жәутеңдеп мені күтіп тұрған болар, – деп орнынан көтерілді.

– Әлгі арсыздың оңбағандығы үшін сізден қатты ұялып отырмын. Өмірде әркезде шындықтың жолы ауыр. Келесі сәрсенбіде Мөлдірді алып келіңіз. Хабарға түсіп, күй тартып берсін. Өзім бас-көз боламын, күтемін. Сізге рахмет! Көп шындықтың бетін ашып бердіңіз. «Бөтелкемың күн сынбайды, бір күні сынады» деген. Әлгі режиссер жазасын алады, – дедім Алтынайдың алдында ақталғандай болып.

– Рахмет, інім! Сол хабарға келмей-ақ қойғанымыз дұрыс сияқты. Әлгі әйелдің қарғысы жаман екен, бәле-жаласы кішкентай Мөлдіріме тиіп кете ме деп қорқамын. Қош бол, қарағым!

Еңсесі түсіп кеткен Алтынай ілби басып, кабинеттен шыға берді.

Режиссер Нәзира Қоңқабайдың қызметіне сай емес қылығы телеарнаның коллегиялық алқасында қаралды. Жоғарыда аспан тіреп тұрған бір көкесі бар екен, судан – таза, сүттен – ақ болып шықты. Лауазымын пайдаланып қарамағындағы қызметкеріне қысым көрсетті деп маған қатаң сөгіс беріп, басқа жұмысқа ауыстырды...

Арада үш айдан соң, Нәзира мен жасөспірім қызы екеуі Баянауылда жол апатынан қайтыс болды деп естідім. Мына тылсым дүниеде біз білмейтін жайлар көп қой. Кейде Нәзираны өз қарғысына ұшырап ажал құштырды ма деген ойға қаламын. Еш жазығы жоқ, кішкентай қызының өліміне қатты қиналамын.

ЦИФРЛЫҚ САЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Цифрлық салық – онлайн-қызметтер мен электрондық коммерциядан пайда табатын ірі цифрлық компаниялардың қызметіне енгізілетін салық. Мұндай қызметтерге интернеттегі жарнама, пайдаланушылардың деректерін сату, цифрлық платформалар (мысалы, маркетплейстер), стриминг сервистері және мобильді қосымшалар жатады.



НЕЛІКТЕН ЦИФРЛЫҚ САЛЫҚ ПАЙДА БОЛДЫ?

Көптеген жаһандық IT-компаниялар — Google, Amazon, Facebook сияқты — әртүрлі елдерде үлкен пайда табады, бірақ салықты көп жағдайда тек тіркелген елдерінде ғана төлейді (көбіне салық мөлшерлемесі төмен елдерде).

Бұл әділетсіздікке әкеледі: пайда нақты қалыптасатын, пайдаланушылар тұратын мемлекеттер өздеріне тиесілі салық үлесін алмайды.

ЦИФРЛЫҚ САЛЫҚ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Әдетте цифрлық салық белгілі бір ел аумағында алынған онлайн-қызметтердің табысынан алынады. Мысалы:

- **Франция** әлемдік айналымы €750 млн-нан асатын және Франциядағы табысы €25 млн-нан жоғары компанияларға цифрлық табысқа 3% салық енгізді.
- Осындай шаралар Ресей, Үндістан, Ұлыбритания және басқа елдерде де талқыланып жатыр.

МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ДАУЛАР

- Кейбір елдер, әсіресе **АҚШ**, цифрлық салыққа қарсы, себебі ол негізінен американдық компанияларды нысанаға алады деп санайды.
- Мәселе халықаралық реттеуді талап етеді, сондықтан цифрлық салық салу бойынша жаһандық тәсіл әзірлеумен **ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы)** айналысып жатыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Цифрлық салық — қазіргі цифрлық экономикаға бейімделу үшін жасалған шара. Оның мақсаты — бизнеспен байланысты шекаралар жойылған заманда салықтардың әділ бөлінуін қамтамасыз ету.

Д.Е.ӘБДІРАХЫМ,
Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының жетекші маманы

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали Сәрсенбай *(Алматы)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).*
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 68.



Бөкенбаев Құттыбек қажы, 1943 жылы 19 мамырда шопанның отбасында, Шардара ауданының (бұрынғы Қызылқұм) Көксу кеңшарында дүниеге келген.

1961 жылы Жетісай ауданының Ленин орта мектебін алтын медальмен бітіріп, сол жылы Шымкент қаласындағы Қазақ Химия технологиялық институтының «Азаматтық өндірістік- құрылыс» факультетіне оқуға түскен. 1962 жылы Кеңес әскерінің қатарына алынып, «кіші лейтенант» атағын алған. Келген соң оқуын жалғастырып, инженер құрылысшы мамандығына ие болған. Осы салада 40 жылға жуық жемісті еңбек еткен. Балташының көмекшісінен бастап, Трест басқарушысына дейінгі аралықтағы құрылыс саласының барлық сатысынан өткен.

Бірнеше рет социалистік жарыстың жеңімпазы, мақтау қағаздарымен марапатталған. Түркістан облысы, Мақтаарал, Шардара аудандарының Құрметті азаматы, «Қазақстан Республикасының Құрметті құрылысшысы» деген атақтары бар, «Қазақстан тәуелсіздігіне – 25 жыл» және «Облысқа еңбегі сіңген» медальдарының иегері.

2017 жылы Алланың қалауымен қажылыққа барып келген. «Өмірімнің өрнектері», «Ойларым – сөздерім», «Қанағат», «Жүріп келем», «Парасат», «Сен он сегіз жаста едің», «Аманат» деген жеті кітап жазған, артынан ерген ұрпақтарына, жастарға үлгі-өнеге бола ма деген ниетпен. Терме-толғауларын бүгінде әнші-термешілер орындап жүр.

Жұбайы Жақсыгүл Қазымбетқызымен 1966 жылы отбасын құрған. Жеті бала өсіріп-тәрбиелеп, жеті келін түсірген, отыз шақты немере-шөберенің ата-әжесі еді. Жақсыгүл қажы Қазымбетқызы Бөгенбай келіні 2024 жылы 10 қаңтарда дүниеден өтті.

Сен туралы ойланып...

Көрдім,
Сен келдің, саған ауды көңіл-ой,
Сен барда жаным құс боп қалықтайтын еді ғой.
Сен сияқты қарамайды ешкім қабағыма,
Дүниеде саған жетер жан жоқ қой.

Тіл қаттым,
Сезім айтып, жасқаншақтай үн қаттым.
Қанша сені танып, білдім десем де,
Сен тұңғиықсың, тереңсің,
Таптым шешімін сен сияқты жұмбақтың.

Ұнаттым,
Келбетіңді періштедей жұмақтың.
Еңлік гүлдей шың басынан көрінер.
Ынтық еттің алды-артыма қаратпай,
Сәулесіндей маяктағы шырақтың.

Бұл неткенің,
Мені іздемейді деп пе едің.
Мен үшін жетпеді ме өмірің,
Қаңтарда кесел сені меңдегенде,
Махаббат болды көздеріңнен көргенім.

Қымбаттым,
Сен сыйладың маған өте тәтті мұң,
Менен кеткеніңде ұзап тым.
Қос жанарың нұрын шашып тұрғанда,
Сен ерекше, мен үшін сен қымбатсың.

Армансың,
Жүрегім бар сені сүйіп қалған шын.
Сарсаң болған санамды игере алмай,
Айсыз-күнсіз мына әлемде қалғандай,
Түсіп тұр-ау арман «шіркін» қымбат тым.

Қиялданам,
Көңіліммен күнде саған жетем ғой,
Өмір Өткізбейтін өткел ғой.
Құп жарасып ойымыз бен бойымыз,
Шіркін, бір сәт келіп қана кетсең ғой.

Армандаймын,
Жастық шақты еске алып.
Сен туралы ойланамын қамығып.
Қашып келші, жетіп келші бір күні,
Тас дуалдан тай сияқты секіріп.
Телмірдім ғой суретіңе байланып,
Мен жүрмін елесіңді айналып.
Жердің бетін жеті айналып отырмын
Жақсаным сен туралы ойланып.

Жаның болсын жәннатта

Асыл едің, зар шегіп,
Серігіменен айрылдым.
Көзден ыстық жас төгіп,
Шын жарымнан айрылдым
Сексен деген жасында,
Сипат болар асылға,
Кимешегі басында,
Ажал келді қымбатыма.
Шыбын жанда тағат жоқ,
Өмірде болар ағаттық.
Кетіп қалдың қайтейін,
Басқа салып жалғыздық.
Жүрек қалай басылар,
Кандай ем оған қонар?.
Жұпар иісті шашы бар,
Гүл жаным қайдан табылар?.
Әйелдердің ханшасы,
Қайың емес аршасы.
Жан едің ғой ерекше,
Жетпес жанның баршасы.
Шардара жердің жәннаты,
Өзі адам бекзаты.
Сонда өсіп бойжеттің,
Мен үшін сені жаратты.
Ішім – нала, сыртым – жара,
Сау қалғаны құлқын ғана.
Азабың ба, мазағың ба,
Басқа салған тозағың ба?
Менің халім ақыр жағы,
Ғашық жарым көрін тағы.
Мені аяйтындар бар ма екен,
Солды ғой деп өрімталы.
Табалай ма, кім білсін,
Адам жаны тым тылсым.
Жанымды менің жылытқан,
Сөніп қалған күнімсің
Сендей туған асылға,
Жыр арна, ардақта.
Отаның, бала-шағаң артында,
Кеттім деме арманда.
Өмірлік жарым, Жақсаным,
Жаның барсын жаннатқа.

Сен кім едің?

Сен кім едің,
Сен қызғалдақ гүл едің.
Мен кім едім,
Гүлді іздеген ұл едім.

Сен кім едің,
Жүрегіме сіңген бейне едің.
Мен кім едім,
Бейне сіңген жүрек едім.

Сен кім едің,
Мен үшін махаббат едің.
Мен кім едім,
Сен үшін махаббат едім.

Сен кім едің,
Сыр тұнған жұмбақ едің.
Мен кім едім,
Жұмбақты шешкен мен едім.

Сен кім едің,
Шөпке түскен ине едің.
Мен кім едім,
Инені тапқан мен едім.

Сен кім едің,
Серт берген сен едің.
Мен кім едім,
Серттескен де мен едім.

Сен кім едің,
Сен уәдеге берік едің.
Мен кім едім,
Сені үш жыл күткен мен едім.

Сен кім едің,
Айнымас серік едің.
Мен кім едім,
Менде саған серік едім.

Сен кім едің,
Сен ҰЛЫ АНА едің.
Мен кім едім,
Аналыққа жеткізген мен едім.

Сен кім едің,
Өмірге құштар едің.
Мен кім едім,
Емге жан беруге дайын едім.

Сен кім едің,
Мен үшін ЖАҚСАН едің.
Мен кім едім,
Сені шын сүйген жан едім.

Азиз менің Жақсаным

Жүрегім тілімденген,
Сен кеткен соң, жаным.
Жалғанда кездескен,
Армандағы асылым.

Жайнап өскен
Гүлім едің.
Қос жанарың күлімдеген,
Сағындым сені, сағындым.

Үлбіреген ақша жүзің,
Кірпіктерің дірілдеген.
Сені ойлаумен жыл өтті,
Көшкен белден сазым ба едің?

Ғұмыр кешудемін
Елесіңмен, аяулым.
Сұраймын ескен желден —
«Хабар бола ма?» — деп, жаным.

Құстар қайтты — оралмадың,
Аман тұр қара орманың.
Орманында бір сайрашы —
Әні сұлу бұлбұлым.

Қосылғанда көктем еді,
Көкте тырна өткен еді.
Тыраулаған тырна даусы
Жүректегі отты үрлеп еді.

Өзің жайлы
Ойлаймын күніге мен.
Алдымда тұрсың суретіңмен,
Қайта-қайта сүйе берем.

Боталап көздерім,
Көңілді шайқасаң,
Аңсау мен сағыныш
Ұйқыны ұрлаған.

Өткен күндер,
Айлы түндер —
Көңілден өшпейді.
Өзіңе айтқан сырлар,
Жақсыгүлім, Жақсаным,
Өзің менің өмірім.

Жақсы еді ғой есімің.
Өзіңмен өмір сүргенде
Білінбеді кем жерің.

Ана болдың ардақты,
Әзиз менің Жақсаным.

Сенің атың аталар

Нұр сәулеге айналып кете бардың,
Сені сол сәулеге де қия алмадым.
Барғанымда құшақтап ең соңғы рет,
Кешірші деп көзіңнен сүйіп алғам.

Жан жылуын білдіріп бермесе де,
Жанымды тебірентіп мұң тербесе де.
Тағдыр екеуміздің арамызды алыстатты.
Сенен жаным айрылғым келмесе де.

Жүрегімде сенің бейнең сақтаулы еді,
Сені іздеп сол жүрек елжірейді.
Сенде кеттің мәңгіге, артыңа қарайламай.
Кім аялайды менің жаралы жүрегімді?

Бұл тағдыр неткен айнымалы еді,
Алдында сүйгеніммен кездестірді.
Өкпелеп, ренжи де алмайсың оған,
Өйткені, сен сияқты бақыт берді.

Айнымалы тағдырдан көңіл қалған,
Жалғыздықтың пендемін мұңын жұтқан.
Көктей алмай көктем қайта келсе де,
Білемін ол жүректің қайта көктемесін.

Тағдырдың көлеңкесі түсті бізге,
Бастан ауып баратқан ымырт кезде.
Сені әкетті, жарығым, сені әкетті
Қайғыны үйіп-төгіп берді өзгемізге.

Қол ұстасқан көремін кемпір шалды,
Екеуі бір-біріне жарасымды.
Қызығамын, қызғанамын қайтейін,
Біздерге ол бақыт ұзақ бұйырмады.

Жақсаным, қызғалдақ гүлім менің,
Өзіңсіз ай-күнім батқан менің.
Жанымды от қылып тұтандыратын,
Сен менің шақпақ оттығым едің.

Темір емес мен-дағы адаммын ғой,
Екеу емес бір жүрекпен жаралдым ғой.
Түбі жоқ тұңғиыққа қамалдым ғой,
Сен жоқта қайда барып жазамын бой.

Тағы менен аулақтап ұйқы қашты,
Қайтемін маза бермес мына басты.
Түсімде мына фәни тыржалаңаш,
Бақи келіп кебінмен ала қашты.

Әйтеуір менде бір үміт бар,
Деген бақида сен мені қарсы алар.
Есімді біліп, тілім келсе егер,
Ақтық шақта сенің атың аталар.

Жүрегіме ризамын

Махаббаттың алды тіл қатпау,
Қыз соңында үнсіз бұлғақтау.
Қыз қасында жүрсең болғаны,
Бірақ, одан жүресің алшақтау.
Махаббат деген махаббат,
Айтқанына көндіреді.
Айтқанына көнбесең,
Азаппенен сендіреді.
Махаббат жүректің ісі,
Оған батпайды басқаның тісі.
Сүюге жан тоймайды,
Алғашқы сүю тұңғышы.
Алғашқы шашынан иіскеу,
Басқа жеріне тиіспеу.
Тиіссең ол шошиды,
Осылай алғашқы келіспеу.
Қызда асау ару.
Алдында үркектігі бар-ау.
Ол да сезімнің құлы.
Көнеді сезімге түскенде тұсау.
Табиғат заңы солай,
Тұра алмайды серік болмай.
Алла жұптыққа жаратқан,
Бұйрықты бұзасың қалай.
Қыз, жігіт қып жаратқан,
Өздері іздеп жарасқан.
Өкімі ешкімнің жүрмейді,
Қос жүрекке табысқан.
Патша бар «Жүрек» деген,
Көнбесті де көндірген.
Табасың деп серік жүректі,
Сол жүректі саған іздеткен.
Құлдық ұрып көнесің,
Сезгенімен жүресің.
Жүрек сені алдамайды,
Оның адал екенін білесің.
Жүрек ұясы махаббаттың,
Ол сенің ең адал досың.
Іздеп жүріп ақыры,
Өз серігін табатын
Менімен Жақсанның жүрегін,
Егіз қылып табыстырған.
Қиын қыстау кездерде,
Махаббатты сақтаған,
Жүрегім саған мәңгі ризамын.

Мен еместін...

Журналист, ақын Нұрлан Тотановтың туындылары

(Соңы. Басы 6-бетте).

Не пайда?..

Ақылыңнан не пайда?
Алалап жүрсең адамды.
Атағыңнан не пайда?
Ел бермесе бағаңды.
Қарт жасыңнан не пайда?
Сор қаптаса санаңды.
Әкеліктен не пайда?
Басқара алмасаң балаңды.
Намазыңнан не пайда?
Тыя алмасаң харамды.
Білігіңнен не пайда?
Қолдап жүрсең наданды.
Шіренгеннен не пайда?
Білмесең өз шамаңды.
Жақсылықтан не пайда?
Жақтап жүрсең жаманды.
Жақсы достан не пайда?
Суытса сөзбен араңды.
Сырласыңнан не пайда?
Серік етсе сараңды.
Жақыныңнан не пайда?
Тырнай берсе жараңды.
Төбетіңнен не пайда?
Қорымаса қораңды.
Тұлпарыңнан не пайда?
Жаралмаса додаңды.
Бүркітіңнен не пайда?
Ала алмаса олжаңды?
Делдалыңнан не пайда?
Білмесе қымбат арзанды.
Ерлеріңнен не пайда?
Болмаса адал елжанды.
Батырыңнан не пайда?
Қорғамаса қорғанды.
Бауырыңнан не пайда?
Бұзып жүрсе ортаңды.
Туысыңнан не пайда?
Ашып берсе арқаңды.
Шопаныңнан не пайда?
Болмаса адал малжанды.
Зергеріңнен не пайда?
Білмесе інжу-маржанды.
Байларыңнан не пайда?
Қолдамаса барғанды.
Молдаңыздан не пайда?
Жақсы көрсе алғанды.
Алтын тоннан не пайда?
Жылытпаса тоңғанды.
Көршілерден не пайда?
Көре алмаса күндес боп,
Басыңа бақ қонғанды.
Жеткізсін қолға бір Аллам,
Аңсаған биік арманды.
Тірі жүрсең көресің,
Басыңа Алла салғанды.
Жүрегің болсын сондықтан,
Әділетті иманды.
Сынақ үшін жаратқан,
Біздерге бес күн жалғанды.

24.11.25.

Бұл кетуде оңбаймыз...

Бәріміз аппақ қардаймыз,
Жас емеспіз дардаймыз.
Бірлікті айтып тілменен,
Тірлікте оған бармаймыз.

Бәріміз білгіш көсембіз,
Сөйлеуде сөзге шешенбіз.
Болғанмен туыс-ағайын,
Жеме-жемеде бөтенбіз.

Бәріміз алып мықтымыз,
Құнсыз емес құндымыз.
Сүзіскенде қошқармыз,
Сыйласқанда тоқтымыз.

Бәріміз батыр нардаймыз,
Жақ талғанша сайраймыз.
Тірлікті тілмен бітіріп,
Амалға жақын бармаймыз.

Бәріміз сырттай ортақпыз,
Шын мәнінде алшақпыз.
Пікір айтып қолдауда,
Қоян сынды қорқақпыз.

Бәріміз басшы ноянбыз,
Жұмбақ емес аянбыз.
Арбаны сүйреу кезінде,
Аққу, шортан, шаянбыз.

Арқалыдай арқамыз,
Бәріміз ақыл айтамыз.
Ақыл айтуда арқаңыз,
Таза ма? соны байқаңыз.

Бәріміз аппақ сүттейміз,
Барлығын тілменептейміз.
Ал амалда алыстап,
Түйінін істің шешпейміз.

Бәріміз мүлдем мінсізбіз,
Сырт көзге сыйлы сіз-бізбіз.
Шындықты бетке айтарда,
Балық сияқты үнсізбіз.

Бәріміз тілде балдаймыз,
Күліп тұрып алдаймыз.
Көшпесек тілден тірлікке.
Бұл кетуде оңбаймыз.

02.12.25

Сын айтса өзім қуанам...

Аулақпын жалған жаладан,
Орынсыз өкпе наладан.
Қатемді тауып өмірде,
Сын айтса өзім қуанам.

Ешкімге мін тақпағам,
Арымды да сатпағам.
Айтамын көзбен көргенді,
Орынсыз мінеу жат маған.

Асқынбағам аспағам,
Қаймығып сөзден саспағам.
Ақындықтың жолында,
Иірдің ізін баспағам.

Толқындап тулап таспағам,
Сөзіме жалған қоспағам.
Қатемді айтып түзесе,
Қуанып қайта шаттанам.

Емеспін кербез тоқ қалам,
Ойыммен терең оқталам.
Халқымды сірә сатпағам,
Халқымсыз таңым атпаған.

Емеспін әлсіз аш қалам,
Жолдарды көргем шатқалаң.
Мен де кейде жол таппай,
Сергелдең болып сандалам.

Сандалғанда ой-санам,
Еріксіз көзге мұңды алам.
Сол кезде маған сын айтса,
Қуанып тұрып шыңдалам.

Тілімнен кейде бал алам,
Болса да ащы жуадан.
Басқаны қайдам мен өзім,
Сын айтса қатты қуанам.

Өлеңді оқып жатқандар,
Сабырлықты сақтаңдар.
Қатесі болса түзесін,
Өлеңнен өзін тапқандар.

Өз басым артық айтпадым,
Тек шындық менің айтқаным.
Ұнатпаймын өлеңнің,
Әлсіз, күйсіз жатқанын.

Ал тыңда...

(жаңа терме)

Оу, айтайын терме енді мен,
Мәнісін сөздің ұғарға.
Ұқпасаң сөздің төркінін,
Бүйректен сирақ шығарма.
Сөзді қуған түсінбей,
Ойлашы өзің оңар ма?
Орынсыз кінә таққанның,
Басына бақыт қонар ма?.
Жағымпаз жанның өмірде,
Алдынан шырақ жанар ма?
Жоқ әліде жүрегің,
Кір іздеуге құмар ма?.
Тілің балдай болғанмен,
Пейілің аздап мұнар ма?
Жасайық терең санамен,
Еліктеп мына өмірде,
Тамыры терең шынарға.
Шындықты айтсаң қасқайып,
Желкеңе жартас құлар ма?.
Ойланып сөйле әр сөзді,
Жоқ жерден соғыс шығарма!.
Ақиқатты ұран ет,
Мойныңдағы тұмарға.
Жаның құмар болмасын,
Аяқтан шалып жығарға.
Жалғаннан кінә тағылса,
Сабыр жоқ менде шыдауға.
Қасиет қанда болған соң,
Бетке айтатын жайым бар,
Еліктеп шыншыл жырауға.
Хақым жоқ менің өмірде,
Сүрінбей жатып құлауға.
Келгенім жоқ жалғанға,
Біреуге жағып ұнауға.
Құзырына дайынмын,
Алса да Алла дәл қазір,
Жауап берем иншалла,
Өзім жайлы сұрауға.
Хақым жоқ және айтайын,
Біреуді мінеп,сынауға.
Тілімді кейде ораймын,
От қаптаған алауға.
Жол бермеймін ешқашан,
Жағымпаздың желімен,
Желбіреген жалауға.
Әдетім жоқ мұңайтып,
Біреудің көңілін тонауға.
Келгенмін мына өмірге,
Қолымнан келсе көтеріп,
Жарлының көңілін жамауға.
Өзімнен кетсе қателік,
Басымды иіп дайынмын,
Халқымнан кешірім сұрауға.
Ескертіп және айтайын,
Жол бермейді намысым,
Сүрінбей жатып жығылып,
Бостан-бос жерге құлауға.

03.01.26.